

Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге техникалық тапсырмаға өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 51 шешімі

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберінде жобаларды іске асыру механизмдеріне сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 6 тамыздағы шешімімен бекітілген Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге техникалық тапсырмаға өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 27 сәуірдегі
№ 51 шешіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге техникалық тапсырмаға енгізілетін
ӨЗГЕРІСТЕР**

Техникалық тапсырма мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 6 тамыздағы
№ 135 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
(Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 27 сәуірдегі
№ 51 шешімінің редакциясында)

Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін әзірлеу мен енгізу бойынша қызметтер көрсетуге техникалық тапсырма

Терминдер мен қысқартулар

Осы Техникалық тапсырманың мақсаттары үшін, оның ішінде 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) туралы шартта, Одақ органдарының еуразиялық желіні құру және дамыту мәселелері жөніндегі шешімдерінде айқындалған мәндердегі ұғымдар пайдаланылады.

Қысқарту	Сипаттамасы
API	қосымшаның бағдарламалық интерфейсі, қолданбалы бағдарламалау интерфейсі (application programming interface) - бір компьютерлік бағдарлама басқа бағдарламамен өзара әрекеттесе алатын әдістердің сипаттамасы (сыныптар, рәсімдер, функциялар, құрылымдар немесе константалар жиынтығы)
CSV	CSV (Comma Separated Values – "үтірмен бөлінген мәндер") - кестелік деректерді көрсетуге арналған мәтіндік файл форматы
HTTP	HTTP (Hyper Text Transfer Protocol – "гипермәтіндерді беру хаттамасы") - деректерді берудің қолданбалы деңгейінің хаттамасы, Интернет желісінде деректерді беру үшін пайдаланылады
HTTPS	HTTPS (Hyper Text Transfer Protocol Secure) – шифрлауды қолдайтын HTTP хаттамасын кеңейту. HTTP хаттамасы бойынша берілетін деректер SSL немесе TLS криптографиялық хаттамасына "қапталады", осылайша осы деректерді қорғау қамтамасыз етіледі
SOA	Сервиске бағдарланған архитектура
SOAP	Таратылған есептеу ортасында құрылымдалған хабар алмасу хаттамасы
SSL	SSL (Secure Sockets Layer – қорғалған сокеттер деңгейі) - Интернет желісіндегі тораптар арасында деректердің қорғалып берілуін қамтамасыз ететін криптографиялық хаттама
TLS	TLS (transport layer security) – көліктік деңгейді қорғау хаттамасы, интернет желісіндегі тораптар арасында деректердің қорғалып берілуін қамтамасыз ететін криптографиялық хаттама
WEB, WWW	Әлемдік тор (World Wide Web) - Интернетке қосылған түрлі компьютерлерде орналасқан өзара байланысты құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін таратылған жүйе
WSDL	WSDL (Web Services Description Language) – XML тіліне негізделген веб-қызметтерді сипаттау және оларға қол жеткізу тілі
XML	Extensible Markup Language (кеңейтілетін белгілеу тілі)
	сервистердің белгілі бір жиынтығын қамтитын және оны толыққанды жұмыс істейтін ұлттық компонент ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін әмбебап платформалық шешім. Мүше мемлекеттің сұрау

Еуразиялық желінің базалық компоненті, базалық компонент	салуы кезінде базалық компонент лицензиялық келісім бойынша өтеусіз негізде мүше мемлекетке беріледі
ДҚ	Дерекқор
МЕМСТ	мемлекеттік стандарт
Мүше мемлекеттер	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер
ЕАЭО, Одақ	Еуразиялық экономикалық одақ
Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтракция және технологиялар трансфері желісі, еуразиялық желі, КҚБЖ	өнеркәсіптік кооперация, субконтракция және технологиялар трансфері мақсатында өзара іс-қимыл жасауға арналған және мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері мен мемлекеттік билік органдарының "толассыз" процестер мен цифрлық сервистерге қажеттілігін қамтамасыз ететін цифрлық экожүйе. Еуразиялық желі деректерді беру арналарымен біріктірілетін "өзек" пен ұлттық компоненттердің жиынтығын білдіреді
Комиссия, ЕЭК, Тапсырыс беруші	еуразиялық экономикалық комиссия
Еуразиялық желінің интеграциялық компоненті	Еуразиялық желі "өзегінің" ақпараттық өзара іс-қимыл модулі
Орындаушы	Тапсырыс берушімен жұмыстарды орындауға шарт жасасқан ұйым; желі операторы
Еуразиялық экономикалық одақтың Индустрияландыру картасы	Еуразиялық желінің геоақпараттық жүйесінің құрамдас бөлігі. Одақ аумақтарында өндірістік қуаттарды дамыту жөнінде ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтиды. Индустрияландыру картасы "Еуразиялық экономикалық одақтың Индустрияландыру картасы туралы" Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 15 өкіміне сәйкес әзірленеді
Еуразиялық экономикалық одақтың инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларының картасы	Еуразиялық желінің геоақпараттық жүйесінің құрамдас бөлігі. Ірі іске асырылатын және жоспарланатын инвестициялық жобалар туралы ақпаратты қамтиды
Консорциум	мүше мемлекеттер ұйымдарының заңды тұлға құрмай, консорциум туралы келісім негізінде "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтракция және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру мақсатында қызметті жүзеге асыратын бірлестігі
Еуразиялық желінің ұлттық компоненті	мүше мемлекеттің уәкілетті органы Еуразиялық желінің "өзегіне" қосылу үшін талаптарға сәйкес келетін ұлттық цифрлық өнімдер мен шешімдерді пайдалана отырып, Еуразиялық желінің базалық компоненті негізінде қалыптастыратын платформалық шешім
ҒЗТҚ(Т)Ж	ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар
НАА	нормативтік-анықтамалық ақпарат

Ұлттық компонент операторы, Ұлттық оператор	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін құру, пайдалану және дамыту жөніндегі функцияларды не Еуразиялық желінің ұлттық компонентіне қолдау көрсету жөніндегі функцияларды, сондай-ақ Еуразиялық желіні құру және оның жұмыс істеуі туралы шешімдерде көзделген функцияларды орындайтын және мүше мемлекеттің уәкілетті органы беретін өкілеттіктерді іске асыратын заңды тұлға
Желі операторы	Еуразиялық желіні құру және оның жұмыс істеуі туралы шешімдерде көзделген Еуразиялық желіні құру, пайдалану және дамыту жөніндегі функцияларды орындайтын заңды тұлға, сондай-ақ Еуразиялық желінің жұмыс істеуіне байланысты комиссия беретін өзге де өкілеттіктер
Өнім тізілімі	өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің, технологиялардың, сондай-ақ өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің, ұлттық компоненттер технологияларының тізілімдерінен қалыптастырылатын оларға сұраныс туралы мәліметтердің дерекқоры
Шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізілімі	ұлттық компоненттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері тізілімдерінің негізінде қалыптастырылатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің дерекқоры
Сервис-провайдер	қызметтер көрсетуге жауап беретін және еуразиялық желі қатысушыларының белгілі бір сервистерге қолжетімділігін қамтамасыз ететін заңды тұлға
Жүйе	еуразиялық желінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін деректерді беру арналарымен біріктірілетін базалық компонент пен "өзек" жиынтығы
ДҚБЖ	дерекқорларды басқару жүйесі
Уәкілетті орган	мүше мемлекет еуразиялық желінің ұлттық компонентінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берген , сондай-ақ "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын ұлттық деңгейде іске асыруға жауапты мемлекеттік билік органы немесе ұйым
Еуразиялық желі қатысушылары	белгіленген тәртіппен Еуразиялық желіде немесе сервис-провайдерде тіркеуден өткен не Еуразиялық желінің сервистерін тіркеусіз пайдаланатын шаруашылық жүргізуші субъектілер, мемлекеттік ұйымдар, ғылыми және өзге де мүдделі тұлғалар
Шаруашылық жүргізуші субъектілер	мүше мемлекеттердің аумағында шаруашылық қызметті жүргізетін субъектілер
еуразиялық желі "өзегі", "өзек"	мынадай кіші жүйелердің жиынтығы: Еуразиялық желі порталы, геоақпараттық жүйе, талдамалық модуль, ақпараттық өзара іс-қимыл модулі (интеграциялық компонент)

1. Жалпы мәліметтер

Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісін (бұдан әрі – жоба) әзірлеу және енгізу бойынша қызметтер көрсету осы техникалық тапсырманы іске асырудың мақсаты болып табылады.

1.1. Жүйенің толық атауы және оның шартты белгісі

Атауы – "өзек" пен базалық компонентті қамтитын Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісінің автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – Жүйе).

1.2. Жүйе құруға негіз болатын құжаттардың тізбесі

Еуразиялық желі мыналарға:

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2017 жылғы 11 қазандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға дейінгі цифрлық күн тәртібін іске асырудың негізгі бағыттарына;

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің тиісінше 2017 жылғы 25 қазандағы № 4 және 2019 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімдерімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібін іске асыру шеңберіндегі бастамаларды пысықтау тәртібіне және Еуразиялық экономикалық одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберіндегі жобаларды іске асыру механизмдеріне;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің тиісінше 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 143 және 2018 жылғы 30 наурыздағы № 23 шешімдерімен бекітілген Өнеркәсіптік кооперацияның және субконтрактацияның еуразиялық желісін құру тұжырымдамасына және Еуразиялық технологиялар трансферінің желісін құру және оның жұмыс істеуі тұжырымдамасына;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік ынтымақтастықты цифрлық трансформациялау және Одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсібін цифрлық трансформациялау үшін жағдайлар жасау тұжырымдамасы туралы 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 1 ұсынымының ережелеріне сәйкес құрылады.

Еуразиялық желі құру үшін мыналар негіз болып табылады:

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыру туралы" 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 2 шешімі;

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасының паспорты туралы" (бұдан әрі – Жобаның паспорты) 2019 жылғы 9 тамыздағы № 8 шешімі;

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің "Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 1 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске

асыру жөніндегі іс-шаралардың жоғары деңгейлі жоспарын бекіту туралы" (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 2 өкімі.

Осы техникалық тапсырмада көзделген қызметтерді көрсету кезінде Одақтың құқығын құрайтын, оның ішінде қызметтер көрсетуге арналған шарт жасалғаннан кейін күшіне енген халықаралық шарттардың және актілердің ережелерін ескеру қажет.

1.3. Қызмет көрсетуді бастаудың және аяқтаудың жоспарлы мерзімдері

Қызмет көрсету мерзімі – шарт жасалған күннен бастап қоса алғанда 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

1.4. Жұмыстарды қаржыландыру көздері мен тәртібі туралы мәліметтер

Орындаушы орындаған жұмыстарды (жұмыс кезеңдерін) қаржыландыру тәртібі Шарт талаптарында айқындалады.

2. Жүйені құрудың нысанасы мен мақсаттары

2.1. Жүйенің нысанасы

Еуразиялық желі өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері мақсатында Жобаға қатысушылардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған.

2.2. Жүйені құру мақсаттары

Жүйені құру мақсаттары:

өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін цифрлық экожүйе құру;

шағын және орта кәсіпорындарды ірі өндірушілердің өндірістік тізбектеріне тарту;

мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері мен мемлекеттік билік органдарының "толассыз" процестерге және цифрлық сервистерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау;

өндірістік тізбектерді модельдеу және өндірістік қуаттарды оңтайлы жүктеу;

технологиялар трансфері арқылы инновациялық процестерді ынталандыру;

мүше мемлекеттер мен үшінші елдердің халықаралық цифрлық экожүйелерін пайдалана отырып, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өнімін жылжыту мүмкіндігі болып табылады.

3. Автоматтандыру объектілерінің сипаттамасы

Одақтың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің субконтрактация және технологиялар трансфері мәселелері бойынша өзара іс-қимыл процестері, сондай-ақ операторлардың функцияларын орындайтын уәкілетті органдар мен ұйымдардың еуразиялық желінің жұмыс істеуіне қатысты бөлігіндегі қызметі автоматтандыру объектісі болып табылады.

Бұл ретте ұлттық компоненттер ретінде пайдаланушы сервистерін құру және қосу бойынша әмбебап платформалық шешімді білдіретін еуразиялық желінің базалық компоненті пайдаланылуы мүмкін.

Еуразиялық желі:

еуразиялық желі "өзегінің" базалық ақпараттық және талдамалық сервистерін;

мүше мемлекеттердің сервис-провайдерлерінің сервистерін қамтитын автоматтандырылған жүйені білдіруге тиіс.

Еуразиялық желінің "өзегі" мынадай кіші жүйелердің жиынтығын білдіреді:

1) еуразиялық желінің порталы (бұдан әрі – Портал):

- еуразиялық желіні пайдаланушылардың құқықтарын әкімшілендіру;
- нормативтік-анықтамалық ақпаратты жүргізу;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізілімімен жұмыс жүргізу;
- өнім тізілімімен жұмыс жүргізу;

2) мыналарға:

- "Өнеркәсіп атласына";
- Одақтың инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларының картасына;
- Одақтың индустрияландыру картасына қолжетімділікті қамтамасыз ететін геоақпараттық жүйе;

3) талдамалық модуль;

4) ақпараттық өзара іс-қимыл модулі (интеграциялық компонент).

Ұлттық компоненттердің, үшінші елдер сервистерінің және экономикалық бірлестіктердің жұмыс істеуі үшін қажетті бағдарламалық, ақпараттық, технологиялық архитектураны және есептеу ресурстарының құрамын ұлттық компоненттердің операторлары еуразиялық желіге қосылу талаптарына сәйкес айқындайды.

Еуразиялық желінің мынадай сервистерін қосу арқылы автоматтандырылатын процестер автоматтандыру нысанасы болып табылады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы жөніндегі базалық ақпараттық және талдамалық сервистер:

еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізіліміне шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау және іздеу (мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімдері ұлттық компоненттерде сақталады);

өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді ақпараттық ресурстарға енгізу, верификациялау және іздеу (мүше мемлекеттер өнімдерінің тізілімдері ұлттық компоненттерде сақталады);

технологиялық сұрау салулар мен технологиялық ұсыныстарды қалыптастыру бойынша технологиялар трансферінің сервистері;

көпқырлы талдау мүмкіндігі бар мүше мемлекеттердегі өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері процестерін талдау және мониторингілеу сервистері;

индустриялық-инновациялық объектілер және олардың инфрақұрылымы туралы мәліметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету ("Өнеркәсіп атласы" геоақпараттық сервисімен, Одақтың инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларының картасымен, Одақтың индустрияландыру картасымен ұштастыру);

мүше мемлекеттердегі өнеркәсіптік кәсіпорындар, шағын және орта бизнес кәсіпорындары мен ғылыми мекемелер арасындағы кооперациялық процестерді қолдау шаралары жөніндегі бағыттаушы сервис;

өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері туралы білім базасы (wiki);

шаруашылық жүргізуші субъектілер тізілімінің және өнім тізілімінің ұлттық бөлігі негізінде өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері сервистері, оның ішінде кооперациялық тізбектер құру сервисі (ұлттық цифрлық өнімдер мен шешімдерді пайдалана отырып, еуразиялық желінің базалық компоненті негізінде қалыптастырылады);

өнімді сертификаттау және омологациялау бойынша көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде өндірістік объектілерді және олардың қызметін стандарттау бойынша көрсетілетін қызметтерді іздеу және тапсырыс беру сервисі.

Сервис-провайдерлердің сервистері:

субконтрактацияның таңдап алынған тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисі;

банктік сүйемелдеу сервисі;

келісімшарттың орындалуын бақылау сервисі;

көліктік-логистикалық сүйемелдеу сервистері;

қаржылық қызметтер көрсету мен сақтандыру қызметтерін көрсетудің маркетплейсі ;

салалық және халықаралық бенчмаркинг;

заңдық маңызы бар құжат айналымы, шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында деректер алмасу (EDI);

портфельдік инвесторды сүйемелдеу, контрагентті іздестіру және индустриялық жобаларға инвестиция салу туралы шарттар жасасу сервисі;

смарт-келісімшарттар жасасу мүмкіндігін беру жөніндегі сервистер;

жылжымайтын мүлікті, бизнесті, жабдықты тәуелсіз бағалау сервисі;

өндірістік алаңды, жабдықты және мүлікті жалға алу сервисі.

Шығарылатын өнім маркетплейсінің функционалы екі сервисі: өнім тізілімін қамтамасыз ететін "шығарылатын өнім, қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді ақпараттық ресурстарға енгізу, верификациялау

және іздестіру" базалық сервисі мен шығарылатын өнім үшін сауда алаңын қамтамасыз ететін "субконтрактацияның таңдап алынған тізбегі бойынша келісімшарттар жасасу сервисі" сервис-провайдерінің сервисін үйлестіру арқылы іске асырылады.

Сервистер, сервис-провайдерлер, үшінші елдердің ұлттық компоненттері деңгейінде үшінші елдердің қатысушыларымен өзара іс-қимылды практикалық іске асыру, әскери-техникалық ынтымақтастыққа, мемлекеттік құпияға немесе қол жеткізу шектелген мәліметтерге қатысты мәселелер бойынша кооперация, дербес деректерді еуразиялық желінің "өзегінде" өңдеу және сақтау, сервистерді ұлттық деңгейде қосу мүмкіндігі бөлігінде ұлттық компоненттер операторларының қызметін регламенттеу осы техникалық тапсырманың нысанасы болып табылмайды және қажет болған кезде оларды Тапсырыс беруші жеке жұмыстар шеңберінде ұйымдастырады.

4. Жүйеге қойылатын талаптар

4.1 Тұтастай көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар

Еуразиялық желі Одақтың цифрлық күн тәртібі шеңберінде іске асырылатын жобаларды және Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарын ескере отырып жобалануға, іске асырылуға және дамытылуға тиіс.

Көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар № 1 кестеде берілген.

Жобаны іске асыру кезінде мүше мемлекеттердің ақпаратпен жұмыс істеу саласындағы заңнамасы талаптарының орындалуы қамтамасыз етілуіне тиіс.

№ 1 кесте. Көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар

Р/с №	Көрсетілетін қызметтің атауы	Қызметті көрсетуге қойылатын талаптар
1	Консорциум қалыптастыру, консорциум туралы келісім жасасу	Консорциум қалыптастыру ұлттық компоненттердің операторларын тарту арқылы іске асырылуға тиіс. Барлық мүше мемлекеттердің қатысушыларымен Консорциум туралы келісім жасалуға тиіс.
2	Жобаны басқару мониторингі құралын (ақпараттық ресурсты) құру және оған үйлестіру тобы қатысушыларының қол жеткізуін қамтамасыз ету	Үйлестіру тобы мүшелерінің тиісті ақпараттық ресурсына авторландырылған қолжетімділік ұйымдастырылуы тиіс. Қол жеткізу құқықтарының тізбесін желі операторы айқындауы тиіс
		Еуразиялық желінің базалық компонентін құруға арналған жеке техникалық тапсырма әзірленуге тиіс және онда мыналарға: - бизнес-архитектураға; - ақпараттық архитектураға; - технологиялық архитектураға (аппараттық және бағдарламалық); - қосымшалар архитектурасына; - қауіпсіздікке (ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден

Еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу

қорғауды, жүйенің тоқтап қалуға төзімділігін және ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды қоса алғанда);

- базалық компонент арқылы жүзеге асырылатын бизнес-процестердің сипаттамасына;

- орналасу орны ескеріле отырып, оны өрістету үшін есептегіш ресурстардың құрамына (желі операторының қуатына) қойылатын талаптар қамтылуға тиіс.

Базалық компонент:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізілімімен жұмыс жөніндегі базалық сервисті (еуразиялық желінің базалық компонентіне қол жеткізу субъектілерінің кіруін (шығуын) тіркеу, еуразиялық желінің базалық компонентіне кіру кезінде қол жеткізу субъектілерінің түпнұсқалығын сәйкестендіру және верификациялау (тексеру) жөніндегі процестердің іске асырылуын көрсететін шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау, іздеу және жаңарту);

2) өнім тізілімімен жұмыс жөніндегі базалық сервисті (өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау, іздеу және жаңарту););

3) инжинирингтік ұйымдар қызметтерінің тізбесін, жоғары технологиялық жабдықтар каталогын, олардың ағымдағы мәртебесін (әзірлеу, тәжірибелік енгізу, пайдалану сатысы) көрсете отырып, ғылыми қызмет нәтижелерінің тізбесін көрсететін және мүдделі тұлғалардың өзара іс-қимылын орнатуға мүмкіндік беретін ҒЗТК(Т)Ж саласындағы ынтымақтастық бойынша ұсыныстарды қалыптастыруға

		арналған технологиялар трансферінің базалық сервисін; 4) еуразиялық желі мәселелері бойынша уәкілетті органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін сервисі; 5) шаруашылық жүргізуші субъектілер тізілімінің және өнім тізілімінің ұлттық бөлігі негізінде өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері сервистерін, оның ішінде кооперациялық тізбектер құру сервисін; 6) мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің жаңа технологияларды әзірлеуі және пайдалануы жөніндегі ақпаратқа талдау жүргізу сервисін; 7) мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өнеркәсіптік және ғылыми-зерттеу қызметінің түрлері бойынша аумақтық орналасу картасын жасау сервисін қамтуға тиіс. Базалық компонент: - шаруашылық жүргізуші субъектілер тізілімін және өнім тізілімін, сондай-ақ еуразиялық желінің "өзегіне" кіретін сервистердің өзге де ақпараттық базаларын басқаруды, оларды толтыруды және мәліметтерді өзектендіруді; - өнеркәсіп саласындағы қызметті цифрландыру үшін қажетті сервистерді құру мен олардың жұмыс істеуін; - сервис-провайдерлер ұсынатын сервистердің еуразиялық желіге қосылуын қамтамасыз етуге тиіс. Базалық компоненттің ақпараттық архитектурасы қосылатын сервистердің ерекшеліктерін ескеруі керек.
		еуразиялық желінің "өзегін" құруға жеке техникалық тапсырма әзірлеуге мынадай талаптар, оның ішінде: бизнес-архитектураға;

Еуразиялық желінің "өзегіне"
қойылатын талаптарды әзірлеу

- ақпараттық архитектураға;
- B2B, G2G, G2B, B2G сервистері үшін форматтар мен құрылымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, технологиялық архитектураға (аппараттық және бағдарламалық);
- қосымшалар архитектурасына;
- қауіпсіздікке (ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды, жүйенің тоқтап қалуға төзімділігін және ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды қоса алғанда);
- интеграциялық компонент арқылы жүзеге асырылатын бизнес-процестердің сипаттамасына;
- орналасу орны ескеріле отырып, оны өрістету үшін есептегіш ресурстардың құрамына (желі операторының қуатына) қойылатын талаптар қамтылуға тиіс.

Ақпараттық архитектурада мынадай негізгі элементтер қамтылуға тиіс:

- шаруашылық жүргізуші субъектілер тізілімінің ақпараттық объектілері;
- өнім тізілімінің ақпараттық объектілері;
- талдамалық сервистер, оның ішінде өндірісті тауар түрлері бойынша бөлу жөніндегі деректердің талдауы;
- жалпы нормативтік-анықтамалық ақпарат (НАА);
- еуразиялық желі "өзегінің" ішкі анықтамалықтары.

Еуразиялық желінің "өзегіне" қойылатын талаптарда уәкілетті органдардың стандартталған хаттамалар бойынша интеграцияны жүргізгеннен кейін Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ақпараттық базасын пайдалану мүмкіндігі (қосуға қойылатын талаптар әзірленеді) (интеграциялау жөніндегі іс-шаралар осы Шарт

		бойынша жұмыстарға кірмейді), оның ішінде еуразиялық желіні басқа цифрлық платформалармен ұштастыру мүмкіндігін көздейтін мүмкіндігі көзделуге тиіс
5	Еуразиялық желі туралы ереже әзірлеу	Еуразиялық желі туралы ереженің жобасы әзірленіп, онда еуразиялық желі туралы жалпы ережелер, консорциумның, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының, желі операторының және ұлттық компоненттер операторларының еуразиялық желіні құру мен оның жұмыс істеуі жөніндегі функциялары мен өкілеттіктерінің сипаттамасы, сондай-ақ олардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі қамтылуға тиіс.
6	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды әзірлеу	сервис-провайдерлердің жұмыс істеуі ескеріле отырып, еуразиялық желінің ұлттық компонентін құруға арналған жеке техникалық тапсырма әзірленіп, онда мынадай талаптар, оның ішінде: бизнес-архитектураға; - ақпараттық архитектураға; - B2B, G2G, G2B, B2G сервистері үшін форматтар мен құрылымдарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, технологиялық архитектураға (аппараттық және бағдарламалық); - қосымшалар архитектурасына; - қауіпсіздікке (ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды, жүйенің тоқтап қалуға төзімділігін және ақпараттың сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды қоса алғанда); - орналасу орны ескеріле отырып, еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістетуге арналған есептеу ресурстарының құрамына (ұлттық операторлар айқындайды), , с о н д а й - а қ сервис-провайдерлердің ақпараттық жүйелерін еуразиялық желінің интеграциялық

		компонентімен ұштастыру жөніндегі талаптар қамтылуға тиіс.
7	Мүше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің еуразиялық желіге қосылу моделін әзірлеу	үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің еуразиялық желіге қосылуы жөніндегі жобалық шешімдер әзірленуге тиіс, оның негізінде Тапсырыс берушімен келісу бойынша оңтайлы модель таңдап алынады
8	Комиссия актілерінің жобаларын әзірлеу, еуразиялық желінің техникалық құжаттамасын әзірлеу	мынадай құжаттар әзірленіп, Тапсырыс берушімен келісілуі тиіс: - актінің атауы, бекітуші орган туралы ақпаратты, оны қабылдау қажеттігінің негіздемесін, аннотацияны, осындай өзгерістердің мазмұнын қоса алғанда, Одақ органдарының осы ұсынысты қозғайтын, өзгеріс енгізу қажет болатын қолданыстағы актілерінің тізбесін қамтитын, әзірлеуге ұсынылатын Комиссия актілерінің тізбесі; - еуразиялық желі бойынша актілердің қабылдануына байланысты комиссияның қолданыстағы актілеріне өзгерістер енгізілетін құжаттардың жобалары қоса берілген Комиссия актілерінің жобалары; - еуразиялық желінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған техникалық құжаттама
9	еуразиялық желінің базалық компонентін құру	еуразиялық желінің базалық компонентін құру үшін техникалық жоба мен жұмыс құжаттамасы МЕМСТ 34.601-90 талаптарына сәйкес әзірленуі тиіс. Осы техникалық тапсырмада бекітілген еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарға сәйкес Комиссия актілері мен еуразиялық желінің техникалық құжаттамасы негізінде еуразиялық желінің базалық компоненті құрылуы (оның ішінде құрылыс-монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілуі) тиіс. Еуразиялық желінің базалық компонентінің

		осы техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес келуіне сынақтар жүргізілуге және тексеру хаттамасы жасалуға тиіс
10	"Өзек" құрамында еуразиялық желінің интеграциялық компонентін құру	еуразиялық желі "өзегінің" құрамында интеграциялық компонент құру үшін МЕМСТ 34.601-90 талаптарына сәйкес техникалық жоба мен жұмыс құжаттамасы әзірленуі тиіс. Осы техникалық тапсырмада бекітілген еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын талаптарға сәйкес Комиссия актілері мен еуразиялық желінің техникалық құжаттамасы негізінде еуразиялық желінің интеграциялық компоненті құрылуға (оның ішінде құрылыс-монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілуге) тиіс. Еуразиялық желінің интеграциялық компонентінің осы техникалық тапсырманың талаптарына сәйкес келуіне сынақтар жүргізілуге және тексеру хаттамасы жасалуға тиіс
11	Еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімін, өнімнің, өзге де ақпараттық ресурстардың тізілімін жасау және оларды бастапқы толтыру (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында деректердің пилоттық құрамы), сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді верификациялау	еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімі, еуразиялық желі өнімінің тізілімі және өзге де ақпараттық ресурстар құрылуға, сондай-ақ оларды мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері, өнімдері, көрсетілетін қызметтері, технологиялары және оларға сұраныс туралы мәліметтермен (кемінде 2 мүше мемлекеттен) бастапқы толықтыру жүргізілуге, көрсетілген мәліметтерге верификация жүргізілуге тиіс
12	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттерін өрістетуге (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында)	еуразиялық желінің ұлттық компоненттерін өрістетуге мақсатында (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында) мынадай іс-шаралар көзделуге тиіс: - ұлттық оператормен лицензиялық келісім жасалуы тиіс, ол бойынша Комиссия еуразиялық желінің базалық компонентін ұлттық оператордың қуаттарында өрістетуге үшін береді;

		- ұлттық оператор желі операторын үйлестіру кезінде еуразиялық желінің базалық компонентін өрістетуді және оны сервис-провайдерлермен және "өзегімен" өзара іс-қимылды баптауды қамтамасыз етуге тиіс
13	Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы бойынша базалық ақпараттық және талдамалық сервистерді еуразиялық желіге қосу	осы техникалық тапсырманың 3-тармағында көрсетілген шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы жөніндегі барлық базалық ақпараттық және талдамалық сервистерді Жүйеге қосу орындалуға тиіс. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы жөніндегі әрбір базалық ақпараттық және талдамалық сервистерді жүйеге қосу шеңберінде алдын ала сынақтар және қажет болған жағдайда тәжірибелік пайдалануға ауыстыру мақсатында Жүйені пысықтау жүргізілуге тиіс. Алдын ала сынақтар жүргізудің жоспар-әдістемесін желі операторы әзірлеуге тиіс. Көрсетілген сервистерді жүйеге қосу қорытындылары бойынша әрбір сервис үшін қосылу хаттамасы, оның ішінде жүйенің орындалған пысықтауларын ескере отырып, құрамында жүргізілген дербес сынақтардың нәтижелерін көздейтін хаттама ресімделуге тиіс
14	Жүйені және еуразиялық желінің кеңейтілген ұлттық компоненттерін алдын ала сынау (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында)	желі операторы Жүйені және еуразиялық желінің кеңейтілген ұлттық компоненттерін алдын ала сынаудың жоспар-әдістемесін әзірлеуге тиіс (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында). Әзірленген жоспар-әдістеме негізінде жүйеге алдын ала сынақтар жүргізілуі тиіс. Қажет болған кезде тәжірибелік пайдалануға ауыстыру мақсатында Жүйені пысықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізілуге тиіс
		желі операторы жүйені және еуразиялық желінің кеңейтілген ұлттық компоненттерін тәжірибелік пайдаланудың

15	Жүйе мен еуразиялық желінің кеңейтілген ұлттық компоненттерін тәжірибелік пайдалану (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында)	жоспар-әдістемесін әзірлеуге тиіс (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында). Әзірленген жоспар-әдістеме негізінде жүйені тәжірибелік пайдалану жүргізілуі тиіс. Тәжірибелік пайдалануды жүргізу қорытындылары бойынша қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары, қабылдау-тапсыру актілері ресімделуі тиіс
16	Еуразиялық желіні пайдалана отырып, өнеркәсіптік кооперацияға тартылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу	іс-шаралар жоспарлары әзірленуге тиіс
17	Еуразиялық желіні пайдалана отырып, өнеркәсіптік кооперацияға тартылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау және іске асыру	2021 жылғы IV тоқсанға арналған бастапқы деректердің өзектірілуі ескерілетін, еуразиялық желіні пайдалана отырып өнеркәсіптік кооперацияға және технологиялар трансферіне тартылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылауды ұлттық операторлар ұйымдастыруы тиіс. Ұлттық операторлардың еуразиялық желіні пайдалана отырып, өнеркәсіптік кооперацияға тартылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру жөніндегі ұсыныстары жинақталуы тиіс (2022 жылға арналған құжаттардың ең аз саны - 3 жаңа құжат және қолданыстағы 2 құжатты өзгерту). Еуразиялық желіні пайдалана отырып, өнеркәсіптік кооперацияға және технологиялар трансферіне тартылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру қорытындылары бойынша ұлттық операторлар ұсынатын талдамалық есеп (2022 жылғы I тоқсаннан бастап тоқсан сайын) жинақталуға тиіс

18	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің интеграцияланған сервистерін тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша еуразиялық желіні пысықтау	еуразиялық желіні пысықтау қорытындылары бойынша еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және Еуразиялық желі ұлттық компоненттерінің интеграцияланған сервистерін тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша еуразиялық желінің сервистері мен құралдары пысықталуға, еуразиялық желіге техникалық құжаттама жиынтығы пысықталуға тиіс
19	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануға қосу	интеграциялық компонент өнеркәсіптік пайдалануға қосылуы тиіс Қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы, қабылдау-тапсыру актісі, еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануға қосу туралы құжаттама дайындалуы тиіс
20	Еуразиялық желінің базалық компонентін дамыту және еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістетуге	мынадай сервистерді: - көп өлшемді талдау мүмкіндігі бар мүше мемлекеттердегі өнеркәсіптік кооперацияны, субконтрактацияны және технологиялар трансферін талдау және мониторингілеу сервистерін; -индустриялық-инновациялық объектілер және олардың инфрақұрылымы туралы мәліметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етуді ("Өнеркәсіп атласы" геоақпараттық сервисі"); - өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансферті туралы білім базасын (wiki) "өзекпен" қосу және интеграциялау бөлігінде базалық компонент пысықталуға тиіс. Құрылған және қосылған сервистерді қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы ресімделуі тиіс (II кезең шеңберінде). Одақтың инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларының картасымен, сондай-ақ Одақтың индустрияландыру картасымен ұштастыру жүзеге асырылуға тиіс.

21	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін дамыту	мынадай сервистерді: - мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерін қолдау шаралары навигаторының сервисін; - өнеркәсіптік өнімді сертификаттау және омологиялау бойынша көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде өндірістік объектілерді және олардың қызметін стандарттау бойынша қызметтерді іздеу және тапсырыс беру сервисін; - интеграциялық компонентке қосылған сервис-провайдердің таңдалған субконтрактация тізбегі бойынша келісімшарттар жасау сервисін еуразиялық желінің "өзегімен" қосу және интеграциялау бөлігінде интеграциялық компонент пысықталуға тиіс. Құрылған және қосылған сервистерді қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы ресімделуі тиіс (II кезең шеңберінде)
22	Желі операторы мен сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары және сервис-провайдерлер арасында агенттік келісімдер жасасу	желі операторы мен сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары және сервис-провайдерлер арасында агенттік келісімдер жасасу процесі іске асырылуы тиіс
23	еуразиялық желіні үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен интеграциялау мүмкіндіктерін пысықтау	еуразиялық желіні үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен (үшінші елдің кемінде 1 трансшекаралық платформасымен) интеграциялау мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспары, еуразиялық желінің ұлттық компоненттерін үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен интеграциялау мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспары (үшінші елдің кемінде 1 трансшекаралық платформасы бар) әзірленуге тиіс. Еуразиялық желіні пайдалана отырып, өнеркәсіптік кооперацияға тартылған үшінші елдердің кемінде 46 кәсіпорны

		тартылуға тиіс (2022 жылдың аяғында)
24	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету	өрістетілген ұлттық компоненттер интеграциялық компонентке қосылуы керек. Еуразиялық желінің ұлттық компонентін қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары, қабылдау-тапсыру актілері дайындалуы тиіс
25	Өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактацияның базалық және ұлттық сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактацияның базалық сервистері ретінде сервис-провайдерлер сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамалары дайындалуы тиіс. Мынадай қызметтер қосылуы керек: - еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізіліміне шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы мәліметтерді енгізу, верификациялау және іздеу ; - индустриялық-инновациялық объектілер және олардың инфрақұрылымы туралы мәліметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету ("Өнеркәсіп атласы" геоақпараттық сервисі, Одақтың индустрияландыру картасымен, Одақтың инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларының картасымен ұштастыру). Нәтижесінде көрсетілген сервистерді қосу хаттамалары ұсынылуы тиіс
26	Жоба паспортында көрсетілген сервис-провайдерлер сервистерінің тізбесіне сәйкес еуразиялық желінің ұлттық компоненттерінің қолданыстағы және құрылатын сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	жобаны іске асырудың I және II кезеңдері шеңберінде "өзекке" қосылған сервистердің бүкіл тізбесі бойынша мүше мемлекеттердің ұлттық компоненттерімен еуразиялық желі "өзегінің" жұмыс қабілеттілігі қамтамасыз етілуге тиіс (2022 жылғы IV тоқсанға дейін).
		Одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларының тізбесі ("Шекарасыз жұмыс", "Одақтың цифрлық көлік

27	Еуразиялық желіні, оның ішінде одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен ("Шекарасыз жұмыс" біріздендірілген іздеу жүйесі, "Одақтың цифрлық көлік дәліздерінің экожүйесі", "Одақ шеңберіндегі цифрлық техникалық реттеу", тауарларды цифрлық қадағалау, деректер айналымы туралы келісім және басқалар), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен ұштастыру мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу	дәліздерінің экожүйесі", "Одақ шеңберіндегі цифрлық техникалық реттеу", тауарларды цифрлық қадағалау, деректер айналымы туралы келісім және басқалар), сондай-ақ одақтың еуразиялық желімен ұштасуы үшін әлеуеті бар интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ресурстары жасалуы және талдануы, сондай-ақ ұштасу мүмкіндігіне техникалық және ұйымдық-құқықтық баға берілуі тиіс. Еуразиялық желіні, оның ішінде іс-шаралардың атауларын, оларды іске асыру мерзімдерін және жауапты орындаушыларды қамтитын көрсетілген жобалармен және ресурстармен ұштастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленуге тиіс
28	Еуразиялық желіні ілгерілету жоспарын әзірлеу және іске асыру. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ұйымдары, сондай-ақ желінің өзге де қатысушылары үшін еуразиялық желіні дамыту мәселелері бойынша семинарлар мен вебинарлар өткізу	Еуразиялық желіні ілгерілету жоспарында жоспарлы мерзімдер, тартылатын ақпараттық ресурстар (бар болса), нысаналы аудиторияның қамтылуын бағалау көрсетіле отырып, еуразиялық желіні ілгерілету жөніндегі жоспарланатын іс-шаралар туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Жоспарды іске асыру қорытындылары бойынша Тапсырыс берушіге тоқсан сайынғы есептер ұсынылуы тиіс. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ұйымдары, сондай-ақ желінің өзге де қатысушылары үшін еуразиялық желіні дамыту мәселелері бойынша оқытуды өткізу жоспарында жоспарланған оқу іс-шараларының атауы, оларды өткізу мерзімдері, іс-шаралардың форматы (семинарлар/вебинарлар) қамтылуға тиіс. Өткізілген оқыту қорытындылары бойынша оқытуды өткізу хаттамалары қалыптастырылуы тиіс (Еуразиялық желінің кемінде 500 қатысушысының қатысуы көрсетіле отырып)
		Еуразиялық желіні осы техникалық тапсырма бойынша

Мәліметтерді ұсынудың біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық анықтамалықтар мен сыныптауыштарды ескере отырып, еуразиялық желі тізілімдерінің жазбаларын сипаттаудың әдіснамасын әзірлеуді қоса алғанда, әкімшілендіру, техникалық және консультациялық қолдау қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ каталогтау орталықтарының қызметін қамтамасыз ету

жұмыстарды орындау шеңберінде әкімшілендіру, техникалық және консультациялық қолдау қызметі қолдауға тиіс. Орындаушының мамандары тапсырыс берушінің техникалық қолдау қызметі мамандарының консультацияларын жүргізу және Тапсырыс беруші дербес шеше алмайтын, еуразиялық желіні пайдалану процесінде туындайтын оқыс оқиғаларды өңдеу үшін техникалық қолдаудың үшінші желісін қалыптастыруды қамтамасыз етуге тиіс. Орындаушының мамандары техникалық қолдаудың үшінші желісінде мынадай міндеттерді шешуі тиіс:

- Тапсырыс берушінің техникалық қолдау қызметінің мамандарына кеңес беру;
- бағдарламалық қамтымдағы қателерді жою;
- регламенттік жұмыстарды жүргізу.

Регламенттік жұмыстар:

- бөлінген резервтік көшірме жасау серверіне ортақ папкалар технологиясы бойынша жұмыс құжаттамасына сәйкес резервтік көшірме жасауды жүзеге асыруды;
- еуразиялық желінің қолжетімділігіне мониторинг жүргізуді;
- апаттардан кейін қалпына келтіруді;
- ДҚ серверінің жүйелік бағдарламалық қамтымын бақылау, өнімділікті оңтайландыру бойынша ұсынымдарды қалыптастыруды;
- еуразиялық желіні тағайындау көрсеткіштерін жедел бақылау, есептеу ресурстарын өзгерту бойынша ұсыныстар қалыптастыруды;
- жүйелік бағдарламалық қамтымға қызмет көрсету бойынша профилактикалық жұмыстарды (журналдарды талдау, пайдаланылмаған уақытша

		файлдарды тазарту және т.б.) қамтуы тиіс. Мәліметтерді ұсынудың біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық анықтамалықтар мен сыныптауыштарды ескере отырып, еуразиялық желі тізілімдерінің жазбаларын сипаттау әдіснамасы әзірленуге тиіс: - жүйелендіруге (сыныптауға) ж а т а т ы н техникалық-экономикалық және әлеуметтік акпараттың көптеген объектілеріне талдау және анықтау жүргізілуі тиіс;); - бірыңғай тізілім объектілерінің берілген жиынын жүйелеу (сыныптау); - жүйелеу (сыныптау) объектілерінің атауларын құру мен жазуды біріздендіру; - жүйелеудің (сыныптаудың) берілген көптеген объектілерін кодтау; - тізілімдердің құрылымын: шаруашылық жүргізуші субъектілер тізілімін және өнім тізілімін әзірлеу; - көрсетілген тізілімдерді жүргізу және тарату рәсімі мен регламентін айқындау
30	Технологиялар трансферінің ұлттық сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	мынадай базалық талдамалық сервистер: - көп өлшемді талдау мүмкіндігі бар мүше мемлекеттердегі өнеркәсіптік кооперацияны, субконтрактацияны және технологиялар трансферін талдау және мониторингілеу сервистері; - өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансферті туралы білім базасы (wiki) қосылуы керек. Еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне технологиялар трансферінің базалық сервистерін қосу хаттамалары дайындалуы тиіс
		Орындаушы Тапсырыс берушіге жүйені растайтын құжаттарды (қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары, қабылдау-тапсыру

31	Еуразиялық желіні, оның ішінде одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен ("Шекарасыз жұмыс" біріздендірілген іздеу жүйесі, "Одақтың цифрлық көлік дәліздерінің экожүйесі", "Одақ шеңберіндегі цифрлық техникалық реттеу", тауарларды цифрлық қадағалау, деректер айналымы туралы келісім және басқалар), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен ұштастыру мақсатында іс-шаралар жоспарын іске асыру	актілері) қоса бере отырып, көрсетілген жобалармен және ресурстармен ұштастыру мақсатында жүзеге асырылатын іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы тоқсан сайынғы есептерді, сондай-ақ еуразиялық желінің: өнеркәсіптік кооперацияның, субконтрактацияның және технологиялар трансферінің жұмыс істеу мәселелері бөлігінде мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасын оның ішінде шетелдік әріптестермен пысықтау жөніндегі ұсыныстарды қамтитын, оның түзетілуі туралы ұсыныстарды ұсынуға тиіс
32	Ұлттық компоненттер технологиялары трансфері сервистерін еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	ұлттық компоненттер технологиялары трансферінің сервистерін еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленуге және бекітілуге тиіс. Жоспарда қосылатын сервистердің тізбесі және оларды еуразиялық желіге қосу мерзімдері қамтылуға тиіс
33	Өнеркәсіптік кооперация және ұлттық компоненттерді субконтрактациялау сервистерін еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	өнеркәсіптік кооперация және ұлттық компоненттерді субконтрактациялау сервистерін еуразиялық желіге қосу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленуге және бекітілуге тиіс. Жоспарда қосылатын сервистердің тізбесі және оларды еуразиялық желіге қосу мерзімдері қамтылуға тиіс
34	Еуразиялық желі шеңберінде (елдік, салалық, уақытша және басқа бөліністерде), оның ішінде индустриялық интернетті пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік кооперацияны, субконтрактацияны және технологиялар трансферін сипаттайтын деректерді мониторингілеу мен талдау тәсілдерін әзірлеу және іске асыру	Еуразиялық желі шеңберінде өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері туралы деректердің мониторингі мен оларды талдау регламенті әзірленуі тиіс
35	Еуразиялық желіні тәжірибелік пайдалану қорытындылары бойынша еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды нақтылау	Еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне қойылатын нақтыланған талаптардың және сервис-провайдерлерге қойылатын нақтыланған талаптардың тізбесі қалыптастырылуы тиіс

36	Еуразиялық желіні өнеркәсіптік пайдалану қорытындылары бойынша еуразиялық желі туралы ережеге өзгерістер енгізу	Еуразиялық желіні өнеркәсіптік пайдалану қорытындылары бойынша еуразиялық желі туралы ереже жаңартылуы тиіс
37	Жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау. Жобаны іске асыру қорытындыларын шығару және жобаны одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстар	жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді бағалай отырып, жобаны іске асыру бойынша қорытынды есеп дайындалуға тиіс . Еуразиялық желіні дамыту және жетілдіру жөніндегі ұсыныстар еуразиялық желінің орнықты жұмыс істеу моделінің сипаттамасын қамтуға тиіс. Еуразиялық желіде тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілердің саны 17,30 мыңға жетуі керек (2022 жылдың соңына қарай) Өнім ұсыныстары каталогындағы жазбалар саны 35,00 мың бірлікке жетуі тиіс (2022 жылдың соңына қарай). Мүше мемлекеттер арасында, мүше мемлекеттер мен еуразиялық желіге кіру перспективасы бар үшінші елдер арасында трансшекаралық сауда шеңберінде жасалған келісімшарттар саны 1 444 бірлікке жетуі керек (2022 жылдың соңына қарай). Мүше мемлекеттер арасындағы, мүше мемлекеттер мен еуразиялық желіге кіру перспективасы бар үшінші елдер – Германия, Қытай, Сингапур арасындағы трансшекаралық сауда шеңберіндегі мәмілелер көлемі (2022 жылдың соңына қарай жинақтау қорытындысымен еуразиялық желіге қосылу есебінен айналым өсімі ескеріле отырып) 43 291,3 млн рубльге жетуі тиіс.

4.2 Әзірленетін еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері желісінің функцияларына қойылатын талаптар

4.2.1 Еуразиялық желіге қойылатын жалпы талаптар

Еуразиялық желі мыналарды:

шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізілімін қамтитын еуразиялық желінің тізілімін, өнім тізілімін және өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар

туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтердің ақпараттық ресурстарының тізілімін қалыптастыруды;

3-бөлімде санамаланған сервистер есебінен өнеркәсіптік кооперация және субконтрактация шеңберінде өнеркәсіптік қызмет субъектілерінің өзара іс-қимыл процестерін цифрлық трансформациялауды;

3-бөлімде санамаланған сервистер есебінен технологиялар трансфері процестерін цифрлық трансформациялауды;

3-бөлімде санамаланған сервистер есебінен өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация процестерімен және технологиялық процестер трансферімен байланысты процестерді, атап айтқанда, қаржылық, логистикалық процестерді, сондай-ақ қызметтің ғылыми-техникалық саласындағы процестерді цифрлық трансформациялауды;

өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері шеңберінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзара іс-қимылы процесінде қалыптасатын ақпаратты мониторингілеу және талдау құралдарын жасауды көздеуі тиіс.

Еуразиялық желі өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін ұлттық компоненттер сервистеріне қолжетімділікті ұсынуға, сондай-ақ өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансфері процестерімен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде қажетті қаржылық, логистикалық, кедендік және өзге де қызметтерді көрсететін сервистердің кеңейтілуіне жол ашуға тиіс.

Еуразиялық желі үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерін тіркеу механизмдерін көздеуге тиіс.

Еуразиялық желі операторының жұмысын қамтамасыз ету мақсатында агенттік келісімдердің пайдаланылуын тіркеу және Еуразиялық комиссия алдында есеп беру үшін жүйеде тіркелетін деректерді пайдалану механизмдері іске асырылуы тиіс, яғни шаруашылық жүргізуші субъектілер, сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттердің операторлары және еуразиялық желі операторы арасында ақша қаражатының транзитін қамтамасыз ететін агенттік схема бойынша жұмыс үшін тиісті инфрақұрылымдық сервисті қосу мүмкіндігін қамтамасыз ету арқылы биллингті пайдалану жөніндегі механизмдер көзделуге тиіс.

Еуразиялық желі "өзегінің" геоақпараттық жүйесі өзінің құрамында мыналарға:

- "Өнеркәсіп атласына";

- Одақтың инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларының картасына;

- Одақтың индустрияландыру картасына қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қажетті құралдар жиынтығын көздеуге тиіс.

Еуразиялық желінің "өзегі" талдамалық модулі мынадай талдамалық көрсеткіштерді ескере отырып, уақыт және ел бойынша бөліністерде құрастырылатын

талдамалық есептердің құрылуын қамтамасыз етуге тиіс: еуразиялық желіге кіру саны; еуразиялық желіде тіркелген ұйымдар саны; өнім ұсыныстары каталогындағы жазбалар саны; мүше мемлекеттер, мүше мемлекеттер мен еуразиялық желіге кіру перспективасы бар үшінші елдер арасында трансшекаралық сауда шеңберінде жасалған келісімшарттар саны; мүше мемлекеттер арасындағы, мүше мемлекеттер мен еуразиялық желіге кіру перспективасы бар үшінші елдер – Германия, Қытай, Сингапур арасындағы трансшекаралық сауда шеңберіндегі мәмілелердің көлемі (еуразиялық желіге жинақтау қорытындысымен қосылу есебінен айналым өсімі ескеріле отырып).

Еуразиялық желі "өзегінің" талдамалық модулі Тапсырыс берушіге және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына орындаушы ұсынатын жеке техникалық тапсырмаға сәйкес қадағалау функциясын жүзеге асыру және өнеркәсіпті дамытудың ұлттық саясатын іске асыру үшін ұлттық компоненттердің дерекқорынан талдамалық ақпарат ұсынуға мүмкіндік беруі тиіс. Деректерді алу үшін талдамалық модуль жеке қызметтер деңгейінде интеграциялық және негізгі компоненттер арасындағы API жолға қоюы керек.

Еуразиялық желі "өзегінің" интеграциялық компоненті мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында деректер алмасуды қамтамасыз етуге тиіс.

Ұлттық компонент шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы жөніндегі базалық сервистер мен базалық талдамалық сервистер шеңберінде бизнес пен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында деректер алмасуды қамтамасыз етуге тиіс.

4.2.2 Портал құрылымы мен қызметіне қойылатын талаптар

Пайдаланушылардың еуразиялық желімен өзара іс-қимылы Порталдың web-интерфейсі арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Құрылымдық жағынан Портал басты бетті, авторизация сервисін, кеңейтілген порталдық іздеу сервисін қамтуы тиіс.

Порталдың басты беті:

сайтқа кіруші бірінші беттен қолжетімді сервистер туралы кіріспе ақпаратты ала алуы, сондай-ақ соңғы жаңалықтармен танысуы үшін навигациялық мәзір, сондай-ақ контент аймағы болуы тиіс;

Портал тілін өзгерту сервистері бар панельді (беттің жоғарғы жағы), авторизацияны басқару, парольді тіркеу және қалпына келтіру элементтерін және кері байланыс сервисінің "Көмек" функцияларын көрсетуі керек;

тілді өзгерту сервистері мен басқару элементтері бар панельдің астында Порталдың тақырыбы және толық мәтінді іздеуді орындауға арналған іздеу өрісі орналасуы керек;

Порталдың негізгі сервистеріне ауысуды қамтамасыз ететін навигациялық панель аймағы болуы және контент аймағының үстінде орналасуы керек;

еуразиялық желінің тізілімдері мен сервистеріне сәйкес келетін бөлімдер қамтылуға тиіс навигациялық панельдің элементтері болуы;

контент аймағы болуы тиіс.

Порталдың басты бетінің контент аймағы мынадай бөлімдерге бөлінуі керек:

парольді авторизациялау, тіркеу және қалпына келтіру нысаны;

еуразиялық желі сервистерінің бас тізілімдері бойынша іздеу нысаны;

негізгі бөлімдерге сілтемелері бар топтастырылған Портал сервистерінің панелі;

3 соңғы жаңалықты (анонстар): суреті, тақырыбы, күні форматында көрсететін " Жаңалықтар" бөлімі;

оқиғалар сипаттамасына өту мүмкіндігімен күнтізбедегі оқиғаларды (іс-шараларды) көрсететін "Оқиғалар" бөлімі;

қысқаша байланыс ақпараты – мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының атауы, сайттарына сілтемелер;

негізгі беттің байланыс аймағының негізгі бөлімдеріне сілтемелер тізімі;

кері байланыс сервисінің функцияларына сілтемелер тізімі;

жаңалықтар таралымына жазылу түймешелері және компанияның әлеуметтік желілердегі қосындай беттеріне өту түймешелері.

Порталда жаңалықтар мен оқиғаларды орналастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін әкімшілік панелі болуы тиіс.

Порталдың барлық пайдаланушылары "Таратылымға жазылыңыз" электрондық мекенжайын енгізу нысаны арқылы жарияланатын жаңалықтар мен оқиғалардың таратылуына жазылуға мүмкіндігі болуы тиіс.

Портал жоба бойынша қажетті ақпараттық таратуды кесте бойынша жүргізу мүмкіндігін көздеуі тиіс.

Портал пайдаланушыларында тарату хаттарындағы тиісті функцияның көмегімен ақпараттық таратудан бас тарту мүмкіндігі болуға тиіс.

Оның ішінде портал құрамында тіркеу, авторизациялау, парольді қалпына келтіру (қолжетімділік деректемелерін) және кері байланыс сервистері көзделуі тиіс.

Портал барлық мүше мемлекеттердің пайдаланушыларын тіркеуді қамтамасыз етуі тиіс.

Тіркеу қызметі пайдаланушы мен ұйым туралы ақпаратты енгізудің қажетті нысандарын қалыптастыруды қамтамасыз етуі керек. Тіркеуді жүзеге асыру үшін (өтінімді жіберу) пайдаланушының тіркеу нысанын, содан кейін ұйымның тіркеу нысанын толтыру қажет. Тіркеуге өтінім электрондық пошта мекенжайы (e-mail) расталғаннан кейін ғана қанағаттандырылуы тиіс. E-mail-ді іске қосу (растау) коды ұйымның нысанын (тіркеуге өтінімді) толтыру кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберілетін хатта болуы тиіс.

Авторизация сервисі пайдаланушыларға арнайы Авторизация нысанының көмегімен логин мен парольді енгізу арқылы порталдың кез келген бетіндегі жеке

кабинетте авторизацияға мүмкіндік беруі, сондай-ақ роботтардан қорғауды (captcha) қолдану мүмкіндігін көздеуі тиіс. Енгізілген логин бірегейлігіне тексерілуі тиіс, оның ішінде e-mail енгізілген кезде валидацияны тексеру жүргізілуі тиіс.

Парольді қалпына келтіру сервисі тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына (e-mail) парольді қалпына келтіру үшін сілтемені жіберу механизмін көздеуі тиіс. Алынған сілтемеге өту кезінде пайдаланушы жаңа парольді енгізу нысаны бар бетке кіруі керек. Парольді ауыстыру нәтижелері бойынша тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына (e-mail) парольді сәтті ауыстыру туралы хабарламаны жіберу көзделуі тиіс. Авторизацияның сәтсіз әрекеті кезінде қайта енгізу механизмі көзделуі керек.

Порталдың кері байланыс сервисі порталдың басты бетінің жоғарғы жағында орналасуы және пайдаланушыларға "көмек" функциясын көздеуі тиіс.

Порталдың құрамында мына талаптарды қанағаттандыратын кеңейтілген іздеу сервисі болуы тиіс:

Порталдың басты бетінде кеңейтілген іздеу сервисінің (іздестіруді орындауға арналған интерфейс) болуы көзделуі тиіс;

Порталдың барлық ақпараттық объектілері бойынша толық мәтінді іздеу жүзеге асырылуы тиіс;

іздеу нәтижелері Порталдың жеке бетінде ұсынылуы тиіс;

іздеу нәтижелері көп бет түрінде берілуі керек;

іздеу нәтижелері бар бетті баптау көзделуі керек (іздеу нәтижелері бетінде көрсетілетін беттер саны);

іздеу нәтижелерінде Портал беттеріне сілтемелер болуы тиіс;

іздеу нәтижелері санаттарға (жаңалықтар, оқиғалар, сервистер, басқалар) топтастырылуы тиіс.

4.2.3 Порталдың web-интерфейсіне қойылатын талаптар

Портал web-браузерде жұмыс істеуге бейімделген бағдарламалық өнім болуы тиіс.

Экрандық нысандардың барлық жазбалары, сондай-ақ жүйелік хабарламалардан және жүйелік әкімшінің экрандық жұмыс нысандарынан басқа, пайдаланушыға берілетін хабарламалар пайдаланушы таңдаған тілде (орыс немесе ағылшын) болуы керек.

Портал пайдаланушыларға ұсынатын функцияларды пайдалану оңай және интуитивтік жағынан түсінікті болуы керек.

Пайдаланушы операциялардың сәтті аяқталғаны туралы да, оларды орындау барысында іркілістер туындағаны немесе орындау мүмкін еместігі туралы да визуалды нысандардың жауаптары және қалқымалы хабарламалар түрінде ақпарат алуы тиіс.

Қате туралы хабарлар, техникалық хабарламалар, порталдың графикалық элементтері және қалқымалы хабарландырулардың пайдаланылатын барлық тілдердегі нұсқалары болуы тиіс.

Мәтіннің барлық тілдерде терілуі бірдей құрылымда болуы керек.

Бұдан басқа, онлайн-аудармаға арналған бағдарламаны пайдалана отырып, ағылшын тілінде қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс. Беттер мазмұнының тілдік нұсқалары арасында ауысу "Орыс"/"Ағылшын" ажыратып-қосқышының көмегімен жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай ажыратып-қосқышын басу ағымдағы беттің аударылған нұсқасының ашылуына әкелуі керек.

Жүйе пайдаланушыларының графикалық интерфейсі: Жүйені әзірлеу кезінде өндірушілер ресми қолдау көрсеткен Яндекс Браузер, Спутник, Mozilla Firefox, Microsoft Edge, Google Chrome, Apple Safari нұсқаларының браузерлерінде дұрыс көрсетілуін қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.4 Интеграцияға қойылатын талаптар

Ұлттық компоненттердің архитектурасы ұлттық сервистерді сервис-провайдерлер сервистерімен, жергілікті сервистермен және үшінші платформалармен ықтимал интеграциялау мақсатында оларды басқа жүйелермен, оның ішінде үшінші елдердің жүйелерімен интеграциялау мақсатында оларды пысықтау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Ақпараттық өзара іс-қимыл модулі (интеграциялық компонент) бөлігінде еуразиялық желі компоненттері арасындағы ақпарат алмасу сервистердің дерекқорына бірлесіп қол жеткізуді және деректерді қабылдау/беру сервистерін шақыртуды пайдалана отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Бірнеше пайдаланушылар мен процестердің ақпаратты бір мезгілде бұғаттауы мен бірлесіп қол жеткізуінің қажетті механизмдері көзделуі тиіс.

Сыртқы ақпараттық ресурстармен өзара іс-қимыл кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін еуразиялық желі қорғалған HTTPS хаттамасын пайдалана отырып, қосымшалар арасындағы өтуді қолдауы тиіс.

Еуразиялық желінің интеграциялық мүмкіндіктері:

бөлінген дерекқорлар мен анықтамалықтарды пайдалану;

XML, CSV форматындағы электрондық файлдарға ақпаратты жүктеу және алу мүмкіндіктерін ұсыну;

WSDL сипатталатын стандартталған интерфейстерді қолдану арқылы қамтамасыз етілуге тиіс. Ақпараттық өзара іс-қимылдың Web-сервистері SOAP және (немесе) REST хаттамасына негізделген хабарлар арқылы жүйенің аралас компоненттерімен және бөгде қосымшалармен ақпарат алмасуды жүзеге асыруға тиіс. Ақпараттық өзара іс-қимыл Web-сервисі қосымшаның(лардың) сервистік бағдарланған архитектурасын пайдалану кезінде модульділік бірлігі ретінде іске қосылуы мүмкін.

Компоненттер арасындағы өзара әрекеттесу:

Жүйеде туындайтын оқиғаларды пысықтау веб-сервистер пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Транзакциялықты талап ететін еуразиялық желі компоненттері арасындағы өзара іс-қимыл үшін үйлесімді алгоритмдердің кез келген түрін қолдануға жол беріледі; қалған жағдайларда үйлесімсіз механизмдерді пайдалануға болады.

Хабарлардың құрамы, құрылымы, көлемі мен оларды берудің жиілігі ақпарат алмасу процесінде пайдаланылатын хаттамаларда айқындалуға тиіс.

Сыртқы ақпараттық жүйелермен ақпараттық үйлесімділік мыналардың:

өзара әрекеттесуші жүйелерде пайдаланылатын объектілердің сәйкестендіргіштері бөлігінде сөзсіз сәйкестікті белгілеу;

ұлттық сегментте қолданылатын жалпыодақтық және тіркелген республикалық, мемлекеттік, салалық сыныптауыштарды, біріздендірілген құжаттар мен сыныптауыштарды, ал тізбеленген анықтамалықтар мен сыныптауыштары жоқ нысаналы салалар үшін - анықтамалықтар мен сыныптауыштарды қайта кодтаудың келісілген кестелерін пайдалану есебінен қамтамасыз етілуі тиіс.

4.3 Қамтамасыз ету түрлеріне қойылатын талаптар

4.3.1 Ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Еуразиялық желінің талдамалық және геоақпараттық сервистерінің ақпараттық негізі оларды толтыру және жаңалау үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер туралы ұлттық компоненттер операторларынан (модерациядан және қалыпқа келтіруден өткен) деректерді және өндірілетін өнім, көрсетілетін қызметтер, технологиялар туралы, сондай-ақ оларға сұраныс туралы мәліметтерді қабылдауды қамтамасыз етуге қабілетті әмбебап интеграциялық сервистер құрылуға тиіс тізілімдер мен дерекқорлардың деректері болуға тиіс.

4.3.2. Бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Еуразиялық желінің бағдарламалық кешенін құру кезінде стандартталған хаттамалар бойынша өзара іс-қимыл жасау үшін деректерді берудің стандартталған интерфейстерімен жарақтандырылған, бөлінген, әлсіз байланысқан, алмастырылатын компоненттерді пайдалануға негізделген құрылыстың сервистік-бағдарланған архитектурасы (SOA) қолданылуға тиіс.

Жобада қолданылатын бағдарламалық қамтымның (жалпы жүйелік және қолданбалы) тізбесі осы техникалық тапсырманың 4.1-бөлімінің № 1 кестесінің 9 және 10-тармақтарын іске асыру кезеңінде айқындалуға тиіс.

Жобада қолданылатын бағдарламалық қамтымның Жобаның паспортында белгіленген мерзімде Жобаны іске асыруға мүмкіндік беретін өндіруші фирмалардың өзекті нұсқасы және қолдауы болуға тиіс.

4.3.3 Техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Жүйені техникалық қамтамасыз ету құрамына мыналар кіруі керек:

қолданбалы серверлер тобы;

сервистік шина серверлерінің тобы;

дерекқор серверлер тобы;

деректерді сақтау жүйесі;
ақпараттық қауіпсіздік инфрақұрылымы.

Ақпаратты сақтауды қамтамасыз ететін техникалық құралдарда деректерді сақтаудың жоғары сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін заманауи технологиялар пайдаланылуы тиіс:

таратылған артық жазба/деректерді оқу;
айналау;
тәуелсіз дискілік массивтер;
кластерлеу.

Жүйе деректердің үлкен көлемдерін (жүздеген миллион жазбалар) сақтауды қамтамасыз етуі керек.

Ресурстарында жүйенің қолданбалы бағдарламалық қамтымы өрістетілуі тиіс бағдарламалық-аппараттық кешеннің құрамы мен параметрлеріне қойылатын талаптар осы техникалық тапсырманың 4.1-бөлімінің № 1 кестесінің 9 және 10-тармақтарын іске асыру кезеңінде айқындалуға тиіс.

4.3.4 Лингвистикалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Еуразиялық желінің интерфейсі мен электрондық сервистеріне қолжетімділік Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орыс және өзге де мемлекеттік тілдерінде қамтамасыз етіледі.

4.4 Сенімділікке қойылатын талаптар

Жұмыс істеудің штаттық режимінде еуразиялық желіде 24x7 режимінде пайдаланушылардың жұмысын қамтамасыз ететін сенімділік болуға және іркілістер кезінде жұмыс қабілеттілігін 3 сағат ішінде жедел қалпына келтіруге тиіс.

Еуразиялық желінің істен шығу салдарынан жұмысқа қабілетсіз күйде болуының жалпы уақыты айына 45 минуттан (сенімділігі 99.9%) аспайтын сенімділік деңгейі қамтамасыз етілуге тиіс.

Еуразиялық желі:

еуразиялық желінің бағдарламалық қамтымында іркілістердің туындауымен;

еуразиялық желінің аппараттық құралдарының іркілістерімен немесе істен шығуымен;

байланыстың істен шығуымен;

электр қуатының үзілуімен байланысты авариялық жағдайлар туындаған кезле жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Авариялық жағдайлар кезінде жүйенің істен шығуының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін үздіксіз қоректендіруді, есептеу қуаттары мен ақпарат беру арналарын резервтеуді қамтамасыз ету құралдары көзделуге тиіс.

Авариялық жағдайлардың қайта туындауының алдын алу мақсатында жүйелік әкімшілердің одан әрі талдауы үшін еуразиялық желінің жұмыс істеуі және туындайтын іркілістер туралы қызметтік ақпарат лог-файлдарда тіркелуі тиіс.

Еуразиялық желі ақпаратының (бағдарламалық қамтымның және деректердің) сақталуын қамтамасыз ету үшін ақпаратты резервтеу, қалпына келтіру және қайталау құралдары пайдаланылуға тиіс.

Бағдарламалық қамтым мен деректердің толық көшірмелерін жасау және сақтау бекітілетін резервтік көшіру регламентіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Резервтік көшіру регламентін желі операторы осы техникалық тапсырманың 4.1-бөлімінің № 1 кестесінің 9 және 10-тармақтарын іске асыру кезеңінде әзірлеуі тиіс.

4.5 Қауіпсіздікке қойылатын талаптар

Қосымша есепке алу деректерін енгізу қажеттілігінсіз еуразиялық желі сервистерін "ашық" пайдалануды қамтамасыз ететін пайдаланушылардың бір реттік аутентификациясы іске асырылуға тиіс.

Логин-парольді енгізу арқылы аутентификацияны пайдаланған кезде мынадай функциялар ұсынылуы тиіс:

- 1) парольдің күрделілігін ретке келтіру және бақылау;
- 2) парольдің қолданылу мерзімін ретке келтіру және аутентификация кезінде парольді ауыстыру қажеттілігі туралы пайдаланушыларға хабарлау;
- 3) алдыңғы парольдердің белгілі бір санын пайдалануға тыйым салуды ретке келтіру.

Пароль мерзімі өткен пайдаланушыларға парольді өзгерткеннен кейін ғана қолжетімділік берілуі керек.

Электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып аутентификацияны пайдаланған кезде (тиісті талаптардың қажеттілігі 1-кестенің 3-6-тармақтарының іс-шараларын іске асыру кезеңінде айқындалуға тиіс):

- 1) қолданылу мерзімін;
- 2) тізімде кері қайтарып алынған сертификаттардың бар-жоғын, оның ішінде нақты уақыт режимінде сертификаттың мәртебесін тексеру хаттамасы (OCSP) арқылы;
- 3) мақсатын тексеру арқылы олардың заңдылығын растау функциялары іске асырылуға тиіс.

Тексеру нәтижесінде электрондық цифрлық қолтаңба құралдары бір немесе бірнеше белгілер бойынша заңсыз деп танылған пайдаланушыларға кіруге тыйым салынуға тиіс.

Пайдаланушылардың еуразиялық желі сервистерімен өзара іс-қимылы деректерді берудің қорғалған хаттамаларын пайдалана отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Ақпаратты санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау Еуразиялық экономикалық комиссияның және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің нормативтік-техникалық және әдістемелік құжаттамасы ескеріле отырып іске асырылуға тиіс.

Еуразиялық желіде қолжетімділігі шектеулі мәліметтері жоқ ақпарат өңделуі тиіс.

Пайдаланушылардың еуразиялық желінің жалпыға бірдей қолжетімді бөлімдерде жариялануға жатпайтын деректеріне қолжетімділік беру оларды сәйкестендіру,

аутентификациялау және авторизациялау арқылы қамтамасыз етілуге тиіс. Ақпаратты еуразиялық желіге енгізетін пайдаланушылар өздері еуразиялық желіде орналастыратын мәліметтер үшін ұлттық заңнамаға сәйкес жауапты болуға және енгізу фактісімен енгізілетін ақпараттың коммерциялық құпияны және таратылуы шектелген өзге де мәліметтерді қамтымайтындығына келісім білдіруге тиіс.

Жүйеде мынадай рөлдік модель қолданылуы керек.

Еуразиялық желіні пайдаланушылар сыныптары:

"қонақ" – авторизация өтпеген пайдаланушы;

"авторизацияланған пайдаланушы";

"әкімші" - еуразиялық желіні әкімшілендіру интерфейсінде авторизацияланған пайдаланушы.

Еуразиялық желінің жалпыға бірдей қолжетімді контенті барлық келушілерге тіркелусіз және авторизациясыз қолжетімді болуға тиіс.

Порталдың авторизацияланбаған пайдаланушысының жеке кабинеті және еуразиялық желінің мамандандырылған функцияларына қолжетімділігі болмауы тиіс.

Еуразиялық желі мен сыртқы ақпараттық ресурстар арасындағы деректерді жинау, өңдеу, беру және ұсыну процестері берілетін деректерді формализациялау мен кодтаудың бірыңғай қағидаттары негізінде әзірленуге тиіс.

Еуразиялық желіні пайдалана отырып қол жеткізу жүзеге асырылатын ұлттық компоненттердің ақпараттық ресурстарының ақпаратын қорғауды Одақтың және ақпарат, ақпараттық технологиялар және ақпаратты қорғау саласындағы ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес тиісті ақпараттық жүйелер мен сервистердің иелері (операторлары) қамтамасыз етуге тиіс.

Еуразиялық желінің жұмыс істеуі шеңберінде алынған деректер еуразиялық желінің жұмыс істеу мақсаттары үшін ғана пайдаланылуы мүмкін.

Әзірленетін жүйеде мынадай қорғау функцияларын орындайтын компонент (модуль) болуы тиіс:

қолжетімділікті басқару;

қолжетімділікті басқарумен байланысты қауіпсіздік оқиғаларын тіркеу;

пайдаланушылардың барлық іс-әрекеттерін, оның ішінде аутентификациялаудың сәтсіз ұмтылыстарын, сондай-ақ сыртқы ақпараттық ресурстармен өзара іс-қимыл кезіндегі барлық оқиғаларды журналдау (логтау).

5. Көрсетілетін қызметтер мен өткізілетін іс-шаралардың кезеңділігіне және құрамына қойылатын талаптар

Осы техникалық тапсырма бойынша қызметтер екі кезеңде көрсетілуі тиіс.

Бірінші кезең шеңберінде жұмыстарды аяқтау мерзімі: 2021 жылғы ____ желтоқсан.

Екінші кезең шеңберінде жұмыстарды аяқтау мерзімі: 2022 жылғы ____ желтоқсан.

Орындаушы мынадай шектеулерді ескере отырып, көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы ұсыныстарды және 28-тармақты (кестені) орындау үшін шартты орындау талаптары туралы өзге де ұсыныстарды әзірлейді:

Р/с №	Көрсетілетін қызметтің атауы	Есепті мерзім	Қызмет көрсету нәтижесі
Бірінші кезең (2021 ж. I – IV тоқсандары)			
1.	Консорциум қалыптастыру, консорциум туралы келісім жасасу	2021 ж. I – III тоқсандары	консорциум туралы келісім
2.	Жобаны (ақпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралын жасау және үйлестіру тобы қатысушыларының оған қолжетімділігін қамтамасыз ету	2021 ж. I – III тоқсандары	Жобаны (ақпараттық ресурсты) басқаруды мониторингтеу құралын ендіру
3.	Еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу	2021 ж. I – III тоқсандары	еуразиялық желінің базалық компонентіне қойылатын талаптар
4.	"Өзек" құрамындағы еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын талаптарды әзірлеу	2021 ж. I – III тоқсандары	"өзек" құрамындағы еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қойылатын талаптар
5.	Еуразиялық желі туралы ереже әзірлеу	2021 ж. I – III тоқсандары	еуразиялық желі туралы ереже
6.	Еуразиялық желінің ұлттық құрамдауыштары мен сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды әзірлеу	2021 ж. I – III тоқсандары	еуразиялық желінің ұлттық құрамдауыштарына қойылатын талаптар, сервис-провайдерлерге қойылатын талаптар
7.	Мүше мемлекеттердің экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің еуразиялық желісіне қосылу моделін әзірлеу	2021 ж. I – III тоқсандары	әзірленген жобалық шешімдер
8.	Комиссия актілерінің жобаларын әзірлеу, еуразиялық желінің техникалық құжаттамасын әзірлеу	2021 ж. III – IV тоқсандары	Комиссия актілері, ақпараттық өзара іс-қимыл процестерін сипаттайтын техникалық құжаттама
9.	Еуразиялық желінің базалық компонентін құру	2021 ж. IV тоқсаны	еуразиялық желінің дайын базалық компоненті

10.	"Өзек" құрамындағы еуразиялық желінің интеграциялық компонентін құру	2021 ж. IV тоқсаны	еуразиялық желінің дайын интеграциялық компоненті
11.	Еуразиялық желінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің тізілімін, өнімнің, өзге де ақпараттық ресурстардың тізілімін құру және оларды бастапқы толтыру (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында деректердің пилоттық құрамы), сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді верификациялау	2021 ж. IV тоқсаны	тізілімді және ақпараттық ресурстарды мүше мемлекеттер тарапынан өнімдер, көрсетілетін қызметтер, технологиялар және оларға сұраныс туралы мәліметтермен бастапқы толықтыру, көрсетілген мәліметтерді верификациялау
12.	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында)	2021 ж. IV тоқсаны	еуразиялық желінің ұлттық компонентінің қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары
13.	Шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы бойынша базалық ақпараттық және талдамалық сервистерді еуразиялық желіге қосу	2021 ж. IV тоқсаны	шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысы бойынша базалық ақпараттық және талдау сервистерін жүйеге қосу, қосу хаттамалары
14.	Жүйені және еуразиялық желінің өрістетілген ұлттық компоненттерін алдын ала сынау (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында)	2021 ж. IV тоқсаны	қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары, қабылдау-тапсыру актілері
15.	Жүйені және еуразиялық желінің өрістетілген ұлттық компоненттерін тәжірибелік пайдалану (кемінде 2 мүше мемлекеттің базасында). Есептеу қуаттарын, дискілік кеңістікті жалға алу, орналастыру және баптау	2021 ж. IV тоқсаны	тәжірибелік пайдалануды жүргізу қорытындылары б о й ы н ш а қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары, қабылдау-тапсыру актілері ресімделуі тиіс
16.	Еуразиялық желіні пайдалана отырып, өнеркәсіптік кооперацияға тартылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі		іс-шаралар жоспарлары

	іс-шаралар жоспарларын әзірлеу	2021 ж.ІV тоқсаны	
Екінші кезең (2022 ж. I – IV тоқсандары)			
17.	Еуразиялық желіні пайдалана отырып, өнеркәсіптік кооперацияға тартылған мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің санын ұлғайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын нақтылау және іске асыру	2022 ж. I тоқсанынан бастап	мүше мемлекеттерде іс-шаралар жоспарын орындау және іске асыруды түзету туралы тоқсан сайынғы есеп
18.	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін және еуразиялық желі ұлттық компоненттерінің интеграцияланған сервистерін тәжірибелік пайдалану нәтижелері бойынша еуразиялық желіні пысықтау	2022 ж. I – II тоқсандары	еуразиялық желінің пысықталған сервистері мен құралдары, еуразиялық желінің техникалық құжаттамасының пысықталған жиынтығы
19.	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануға қосу	2022 ж. I – II тоқсандары	қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы, еуразиялық желінің интеграциялық компонентін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу туралы техникалық құжаттама
20.	Еуразиялық желінің базалық компонентін дамыту және еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету	2022 ж. I – III тоқсандары	қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары
21.	Еуразиялық желінің интеграциялық компонентін дамыту	2022 ж. I – III тоқсандары	қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары
22.	Желі операторы мен сервис-провайдерлер, ұлттық компонент операторлары және сервис-провайдерлер арасында агенттік келісімдер жасасу	2022 ж. I – IV тоқсандары	желі операторы мен желі операторы, сервис-провайдерлер, ұлттық компоненттер операторлары және сервис-провайдерлер арасындағы агенттік келісімдер
			еуразиялық желіні үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен (

23.	Еуразиялық желіні үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен интеграциялау мүмкіндіктерін пысықтау	2022 ж. I – IV тоқсандары	үшінші елдердің кемінде 1 трансшекаралық платформасымен) интеграциялау мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспары), еуразиялық желінің ұлттық компоненттерін үшінші елдердің әріптестік трансшекаралық платформаларымен интеграциялау мәселелері жөніндегі іс-шаралар жоспары (үшінші елдердің кемінде 1 трансшекаралық платформасымен)
24.	Еуразиялық желінің ұлттық компонентін өрістету	2022 ж. I – IV тоқсандары	еуразиялық желінің ұлттық компонентін қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамалары
25.	Өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактацияның базалық және ұлттық сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	2022 ж. I – IV тоқсандары	өнеркәсіптік кооперация мен субконтрактацияның ұлттық сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамалары
26.	Жоба паспортында көрсетілген сервис-провайдерлер сервистерінің тізбесіне сәйкес еуразиялық желі ұлттық компоненттерінің қолданыстағы және құрылатын сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	2022 ж. I – IV тоқсандары	ұлттық компоненттердің интеграцияланған сервистерін сынау хаттамалары, сервистерді пайдалануға беру актілері
	Еуразиялық желіні, оның ішінде одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы жобаларымен (" Шекарасыз жұмыс" біріздендірілген іздеу жүйесі, "Одақтың цифрлық көлік дәліздерінің экожүйесі", " Одақ шеңберіндегі цифрлық техникалық		

27.	реттеу", тауарларды цифрлық қадағалау, деректер айналымы туралы келісім және басқалар), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен ұштастыру мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу	2022 ж. II тоқсаны	іс-шаралар жоспары
28.	Еуразиялық желіні ілгерілету жоспарын әзірлеу және іске асыру. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ұйымдары, сондай-ақ желінің өзге де қатысушылары үшін еуразиялық желіні дамыту мәселелері бойынша семинарлар мен вебинарлар өткізу	2022 ж. II – IV тоқсандары	еуразиялық желіні ілгерілету жоспары, оқытуды өткізу жоспары, оқытуды өткізу хаттамалары (еуразиялық желінің кемінде 1 000 қатысушысы)
29.	Мәліметтерді ұсынудың біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық анықтамалықтар мен сыныптауыштарды ескере отырып, еуразиялық желі тізілімдерінің жазбаларын сипаттаудың әдіснамасын әзірлеуді қоса алғанда, әкімшілендіру, техникалық және консультациялық қолдау қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ каталогтау орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	2022 ж. II – IV тоқсандары	мүше мемлекеттердің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының (қызмет түрлері мен өнімдер) өтпелі кілттерінің кестелерін еуразиялық желіде пайдаланылатын анықтамалықтарға және сыныптауыштарға сәйкес келтіру
30.	Технологиялар трансферінің ұлттық сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу	2022 ж. III – IV тоқсандары	технологиялар трансферінің ұлттық сервистерін еуразиялық желінің интеграциялық компонентіне қосу хаттамалары
	Еуразиялық желіні, оның ішінде одақтың цифрлық күн тәртібінің перспективалы		

31.	жобаларымен ("Шекарасыз жұмыс" біріздендірілген іздеу жүйесі, "Одақтың цифрлық көлік дәліздерінің экожүйесі", "Одақ шеңберіндегі цифрлық техникалық реттеу", тауарларды цифрлық қадағалау, деректер айналымы туралы келісім және басқалар), сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің базалық ресурстарымен ұштастыру мақсатында іс-шаралар жоспарын іске асыру	2022 ж. III – IV тоқсандары	іс-шаралар жоспарын орындау және іске асыруды түзету туралы жыл сайынғы есеп, қабылдау-тапсыру сынақтарының хаттамасы, қабылдау-тапсыру актісі
32.	Еуразиялық желіге ұлттық компоненттер технологиялары трансфері сервистерін қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	2022 ж. III – IV тоқсандары	іс-шаралар жоспары (іске асыру мерзімдерін көрсете отырып)
33.	Өнеркәсіптік кооперация және субконтрактациялау сервистерін еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне қосу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту	2022 ж. IV тоқсаны	іс-шаралар жоспары (іске асыру мерзімдерін көрсете отырып)
34.	Еуразиялық желі шеңберінде (ел, сала, уақыт бөліністерінде және басқа бөліністерде), оның ішінде индустриялық интернетті пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік кооперацияны, субконтрактацияны және технологиялар трансферін сипаттайтын деректерді мониторингтеу мен талдауға тәсілдерді әзірлеу және іске асыру	2022 ж. IV тоқсаны	еуразиялық желі шеңберінде өнеркәсіптік кооперация, субконтрактация және технологиялар трансферті туралы деректерді мониторингтеу және талдау регламенті

35.	Еуразиялық желіні тәжірибелік пайдалану қорытындылары бойынша еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне және сервис-провайдерлерге қойылатын талаптарды нақтылау	2022 ж. IV тоқсаны	еуразиялық желінің ұлттық компоненттеріне қойылатын нақтыланған талаптар, сервис-провайдерлерге қойылатын нақтыланған талаптар
36.	Еуразиялық желіні өнеркәсіптік пайдалану қорытындылары бойынша еуразиялық желі туралы ережеге өзгерістер енгізу	2022 ж. IV тоқсаны	еуразиялық желі туралы өзектендірілген ереже
37.	Жобаның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау. Жобаны іске асыру қорытындыларын шығару және Жобаны одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстар	2022 ж. IV тоқсаны	жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді бағалай отырып, жобаны іске асыру жөніндегі қорытынды есеп. Еуразиялық желіні дамыту және жетілдіру жөніндегі ұсыныстар еуразиялық желінің орнықты жұмыс істеуі моделінің сипаттамасын қамтуға тиіс

Орындаушы қажетті ресурстарды бөлуді көздей отырып, жобалық офистің құрылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

6. Көрсетілген қызметтерді бақылау және қабылдау тәртібі

Жұмыстарды тапсыру-қабылдау қызмет көрсетудің күнтізбелік жоспарына сәйкес кезең-кезеңмен жүргізіледі.

Көрсетілген қызметтердің нәтижелерін қабылдау көрсетілген қызметтерді тапсыру-қабылдау актісімен (бұдан әрі – қаржылық акт) ресімделеді.

Тиісті түрде ресімделген техникалық актілердің және қаржылық актіде көрсетілген әрбір қызмет үшін бекіту парақтарының болуы қаржылық актіге қол қою үшін қажетті шарт болып табылады.

Қызмет көрсету нәтижелеріне ескертулердің болмауы Орындаушының жауапты өкілдері алдын ала қол қойған келісу парағында Тапсырыс берушінің жауапты өкілдерінің қолдарымен расталады.

Техникалық актіге тиісті қызметке толық ресімделген келісу парағы болған кезде Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қояды.

Тапсырыс берушінің техникалық актілерге қол қоюға уәкілетті өкілдері әрбір қызмет үшін жеке айқындалады.

Қызмет көрсету нәтижелерін Тапсырыс берушінің жауапты өкілдері жауапкершілікті бөлуге сәйкес:

жалпы және функционалдық талаптар бөлігінде;
ақпаратты қорғауға қойылатын талаптар бөлігінде;

ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға қойылатын талаптар бөлігінде қарайды.

Тапсырыс берушінің қызметтер көрсету нәтижелерін қарауының ең ұзақ мерзімі шартта айқындалады.

Ескертулер болған кезде қабылдаудан дәлелді бас тарту ресімделеді. Қызмет көрсету нәтижелеріне ескертулер болмаған жағдайда, бекіту парақтары мен техникалық актілерге қол қойылады.

Орындаушылар тарапынан қол қойылған келісу парағы Тапсырыс берушіге тиісті қызмет көрсету нәтижелерімен бір мезгілде ұсынылады.

Тапсырыс берушінің жауапты өкілдері Орындаушы ұсынған материалдарды қарайды.

Келісу парағында Тапсырыс беруші өкілдерінің қолдарын жинауды Орындаушының өкілдері жүзеге асырады.

Бағдарламалық қамтымды тапсыру-қабылдау кезінде қабылдау-тапсыру сынақтары жүргізіледі.

Қабылдау-тапсыру сынақтары еуразиялық желінің техникалық құжаттамасының құрамына кіретін сынақтар бағдарламасы мен әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

Қабылдау-тапсыру сынақтары шеңберінде, оның ішінде мынадай іс-қимылдар жүзеге асырылады:

1) бағдарламалық қамтым мен жобалық құжаттаманың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру (техникалық тапсырма, жеке техникалық тапсырма, технологиялық құжаттар, әзірлеуге арналған тапсырмалар, техникалық талаптар және басқалар);

2) бағдарламалық қамтымның сипаттамасына (немесе еуразиялық желінің ұсынылған техникалық құжаттамасының құрамындағы өзге де құжатқа) сәйкес есепті материалдар құрамында компакт-дискіде ұсынылған бастапқы кодтағы бағдарламалық компоненттердің мәтіндерін (бағдарламалардың бастапқы мәтіндерін) компиляциялау;

3) есептік материалдар құрамында компакт-дискіде ұсынылған орындалатын түрдегі бағдарламалық компоненттермен (бағдарламалық қамтым дистрибуциялары) алынған компиляция нәтижелерінің сәйкестігін тексеру;

4) есепті материалдар құрамында компакт-дискіде ұсынылған бағдарламалық компоненттерді еуразиялық желінің техникалық құжаттамасының құрамына кіретін әкімшінің нұсқаулығына сәйкес орындалатын түрде (бағдарламалық қамтым дистрибуциялары) өрістету;

5) сынақтар бағдарламасы мен әдістемесіне сәйкес сценарийлер мен бақылау үлгілерін орындау.

Қабылдау-тапсыру сынақтарын дайындауды және өткізуді ұйымдастыруды Орындаушы жүзеге асырады.

Қабылдау-тапсыру сынақтарының нәтижелері хаттамамен ресімделеді. Қабылдау-тапсыру сынақтары хаттамаларының жобаларын Орындаушы дайындайды және Тапсырыс берушімен келіседі.

7. Жүйені іске қосуға автоматтандыру объектілерін дайындау жөніндегі жұмыстардың құрамы мен мазмұнына қойылатын талаптар

Автоматтандыру объектілерін еуразиялық желі компоненттерін іске қосуға дайындау үшін Орындаушы:

еуразиялық желінің құрылған немесе жаңғыртылған кіші жүйелері мен компоненттерін өрістетуді;

бастапқы жүктеу үшін деректерді дайындауды қоса алғанда, техникалық және ұйымдастыру іс-шараларының кешенін жүргізеді.

Іске қосудың мынадай кезеңдері белгіленуі керек:

алдын ала сынақтар;

тәжірибелік пайдалану;

қабылдау сынақтары.

Автоматтандыру объектісін және базалық сервистерді қолданысқа енгізуге дайындау үшін мынадай іс-шаралар жүргізілуі тиіс:

есепке алу жазбаларын жасау және пайдалануға қатысатын пайдаланушылардың кіру құқықтарын және базалық сервистерді баптау;

тәжірибелік пайдалануға қатысатын Тапсырыс берушінің мамандарын бастапқы оқытуды жүргізу;

тәжірибелік пайдалану кезеңінде пайдаланушыларды техникалық қолдауды ұйымдастыру.

Автоматтандыру объектілерін жүйені қолданысқа енгізуге дайындау үшін қосымша іс-шаралар тізбесі еуразиялық желінің компоненттеріне қойылатын талаптарды айқындайтын құжаттарда, оның ішінде кіші жүйелерге арналған жеке техникалық тапсырмаларда нақтылануы мүмкін.

8. Құжаттауға қойылатын талаптар

Еуразиялық желіні құру барысында мыналар әзірленуі тиіс:

жүйенің бағдарламалық құжаттамасы;

қорғау функцияларын орындайтын Жүйе модулінің бағдарламалық құжаттамасы;

жүйенің алдын ала сынақтарын жүргізу бағдарламасы мен әдістемесі (мазмұны "Сынақтардың бағдарламасы мен әдістемесі. Мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар" МЕМСТ 19.301-79 талаптары да ескеріле отырып әзірленуі тиіс);

жүйені тәжірибелік пайдалануды жүргізу бағдарламалары мен әдістемелері (мазмұны "Сынақтардың бағдарламасы мен әдістемесі. Мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар" МЕМСТ 19.301-79 талаптары да ескеріле отырып әзірленуі тиіс).

Жүйенің бағдарламалық құжаттамасының жиынтығы MEMСТ 19.101-77, MEMСТ 19.106-78, MEMСТ 19.503-79, MEMСТ 19.504-79 талаптары ескеріле отырып жасалуы керек және мыналарды:

Жүйенің түсіндірме жазбасын (мазмұны "Түсіндірме жазба. Мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар" MEMСТ 19.404-79 талаптары ескеріле отырып әзірленуі тиіс);

Жүйе пайдаланушысының нұсқаулығын;

Жүйе әкімшісінің нұсқаулығын;

Жүйені орнату және баптау жөніндегі нұсқаулықты;

Жүйе бағдарламасының мәтінін;

Жүйенің жүйелік бағдарламашысы нұсқаулығын;

жүйелік бағдарламашы нұсқаулығын қамтуы керек.

Жүйені пайдаланушының нұсқаулығында жүйенің барлық функциялары мен мүмкіндіктерінің сипаттамасы, пайдаланушыларға жүйенің функциялары мен мүмкіндіктерін нақты көрсетуге мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдар болуы керек.

Жүйе әкімшісінің басшылығында жүйені әкімшілендіру үшін қажетті барлық функциялар мен іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы болуы тиіс, сондай-ақ мыналарды :

әкімшіге іс-қимыл тәртібін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдарды;

серверлердің схемалары мен сипаттамалары, тестілік және өнімді ортадағы қосымшалар серверлерін, ДҚБЖ басқару жүйелерінің сипаттамаларын;

жүйенің дерекқорында сақталған сұраныстарды іздеу механизмдерінің сипаттамасын;

жүйенің дұрыстығын тексеруге арналған қадамдық нұсқаулықтары бар бөлім жүйенің барлық функцияларын тексеру үшін қосымша мысалдарды қамтуы керек.

Жүйені орнату және баптау жөніндегі нұсқаулықта жүйені орнатуға қажетті барлық қадамдардың сипаттамасы болуы керек. Нұсқаулықта пайдаланылған операциялық жүйелерді алдын ала баптау, қосымшалар серверін, дерекқор серверін және жүйені тікелей орнату туралы бөлімдер болуы керек. Нұсқаулықта жүйені орнату және алдын ала баптау тәртібін нақты көрсетуге мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдар болуы керек. Жүйені орнату және баптау жөніндегі нұсқаулық тек CD немесе DVD дискілерінде беріледі.

Жүйе бағдарламасының мәтіні "Бағдарлама мәтіні. Мазмұны мен ресімдеуге қойылатын талаптар" MEMСТ 19.401-78 талаптары ескеріле отырып әзірленуге тиіс. Жүйе бағдарламасының мәтіні CD немесе DVD дискілерде, сондай-ақ қажет болған жағдайда git-репозиторий түрінде ұсынылуы тиіс.

Жүйенің жүйелік бағдарламашысының нұсқаулығында Жүйенің жұмыс нұсқасын бастапқы кодтардан жасау үшін қажетті әрекеттер тәртібінің сипаттамасы болуы керек. Бастапқы кодтардан Жүйенің жұмыс нұсқасын жасау үшін қолданылатын барлық бағдарламалық өнімдер нұсқаулықта сипатталуы керек. Нұсқаулықта Жүйенің бастапқы кодтарынан жұмыс нұсқасын жасау үшін қолданылатын барлық бағдарламалық өнімдерге сілтемелер болуы керек. Нұсқаулықта бастапқы кодтардан (бағдарламалар мәтінінен) Жүйенің жұмыс нұсқасын жасау бойынша іс-қимыл тәртібін көрнекі көрсетуге мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдар болуы тиіс. Жүйелік бағдарламашы нұсқаулығы тек CD немесе DVD дискілерінде ғана беріледі.

Жүйе бағдарламашысының нұсқаулығы мыналарды:

функция алгоритмдерінің сипаттамасын;

қосымшалар сервері мен дерекқор сервері арасындағы өзара әрекеттесудің сипаттамасын;

қосымшалар сервері орындайтын функциялардың сипаттамасын;

дерекқор сервері орындайтын функциялардың сипаттамасын;

дерекқор құрылымының сипаттамасын;

әзірленетін модульдер функцияларының сипаттамасын;

әзірлеу құралдары мен қолданылатын құралдардың сипаттамасын;

жұмысқа қабілетті қосымшаны құру үшін қадамдық компиляция нұсқаулықтарын қамтуы керек.

Нұсқаулық "СПО бағдарламасының мәтініне" сілтемені және Жүйе модульдері арасындағы өзара іс-қимылды көрнекі сипаттауға мүмкіндік беретін иллюстрациялы материалдарды қамтуы тиіс. Бағдарламашы нұсқаулығы тек CD немесе DVD дискілерінде ғана беріледі.

Қорғау функцияларын орындайтын Жүйе модулінің бағдарламалық құжаттамасының жиынтығы мыналарды:

Қорғау функцияларын орындайтын Жүйе модулінің ерекшелігін (мазмұны "Ерекшелік. Мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар" MEMСТ 19.202-78);

Қорғау функцияларын орындайтын Жүйе модулі бағдарламасының сипаттамасын (мазмұны "Бағдарламаның сипаттамасы. Мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар" MEMСТ 19.402-78 талаптары ескеріле отырып әзірленуі тиіс);

Қорғау функцияларын орындайтын жүйе модулін қолдану сипаттамасы (мазмұны "Қолдану сипаттамасы. Мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар" MEMСТ 19.502-78 талаптары ескеріле отырып әзірленуі тиіс);

Қорғау функцияларын орындайтын Жүйе модулінің бағдарлама мәтінін (мазмұны "Бағдарлама мәтіні. Мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар" MEMСТ 19.401-78* талаптары ескеріле отырып әзірленуі тиіс);

Қорғау функцияларын орындайтын Жүйе модулі формулярының жобасын қамтуы керек (мазмұны "Формуляр. Мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар" МЕМСТ 19.501-78 талаптары ескеріле отырып әзірленуі тиіс).

Қорғау функцияларын орындайтын Жүйе модулін сертификаттауға арналған өтінім жобасы.

Қорғау функцияларын орындайтын Жүйе модулін сертификаттау туралы шарттың жобасы.

Жүйе құжаттамасын ресімдеу "Жобалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Рамкасыз, негізгі жазусыз және оған қосымша бағандарсыз А4 форматындағы парақтардағы мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар" МЕМСТ Р 2.105-2019 талаптары ескеріле отырып орындалуы тиіс. Суреттер мен кестелерді орналастыру үшін парақтың қысқа жағына тіге отырып, А3 форматындағы парақтарды пайдалануға жол беріледі.

Құжаттаманы ресімдеу кезінде Тапсырыс берушімен жұмыс тәртібімен келісілетін нормативтік құжаттардың талаптарынан ауытқуға жол беріледі.

Жүйені алдын ала сынауды жүргізу бойынша есептік материалдар ретінде мынадай құжаттар ұсынылуы тиіс:

Жүйені алдын ала сынауларды жүргізу хаттамасы;

Жүйені алдын ала сынауларды жүргізу актісі;

Жүйені құру бойынша орындалған жұмыстардың актісі.

Әзірленетін құжаттар Тапсырыс берушіге қағаз түрінде бекіту үшін екі данада (Тапсырыс беруші мен орындаушыға бір-бірден), сондай-ақ электронды түрде келісу үшін Adobe Portable Document Format (PDF) және/немесе Microsoft Word (".doc" немесе ".docx") форматында CD/DVD-R/RW жеткізгіштерде, USB интерфейсі немесе электрондық пошта құралдары бар Flash-жады базасындағы жинақтауышта беріледі.

Барлық әзірленген құжаттама орыс тілінде жасалуға, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 5 мамырдағы № 46 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссиядағы Ішкі құжат айналымы қағидаларына сәйкес ресімделуге тиіс (ресімдеуге қойылатын талаптар МЕМСТ 2.105-95 айқындалатын құжаттарды қоспағанда) және Тапсырыс берушіге деректерді өзгерту мүмкіндігін болдырмайтын оптикалық ақпарат жеткізгіштерде (CD-R немесе DVD-R) электрондық нысанда Microsoft Office 2010 немесе одан жоғары құралдарымен қолдау көрсетілетін форматтарда немесе Тапсырыс берушімен келісу бойынша өзге де форматтарда редакцияланатын түрде ұсынылуға тиіс. CD-R немесе DVD-R оптикалық ақпарат жеткізгіштерге ақпаратты машиналық жеткізгіштердің ведомостары қоса берілуі тиіс.

Көрсетілетін қызметтер үшін қызмет көрсету нәтижелері бойынша әзірленген және берілетін құжаттардың тізбесін қамтитын бекіту парақтары мен ерекшеліктер әзірленуі тиіс.

Ерекшеліктер, бекіту парақтары, сондай-ақ орындаушылардың қолтаңбалары және/немесе мөрлері бар өзге де құжаттар, оның ішінде актілер, хаттамалар мен келісу

парақтары орыс тілінде жасалуға және Тапсырыс берушіге баспа түрінде 2 (екі) данада ұсынылуға тиіс (бір данада ұсынылатын шоттар мен шот-фактураларды қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметтер сапасының кепілдігіне қойылатын талаптар

Тапсырыс беруші Орындаушының көрсетілетін қызметтерінің сапасына кепілдік міндеттемелерінің ең аз кезеңін (Кепілдік кезеңі) көрсетілетін қызметті беру-қабылдау күнінен бастап кемінде 12 ай мерзімде айқындайды.

Орындаушының көрсетілетін қызметтерінің сапасына кепілдік міндеттемелерінің ұсынылатын кезеңі бойынша ұсыныстар қатысушының өтінімінде "Көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы ұсыныстар және шартты орындау талаптары туралы өзге де ұсыныстар" нысанында берілуге тиіс.

10. Көрсетілетін қызметтер сапасының кепілдігіне қойылатын талаптар

Кепілдік кезеңі ішінде Орындаушы анықталған кемшіліктерді жою мақсатында құжаттамаға және бағдарламалық қамтымға өзгерістердің қажетті көлемін өтеусіз (Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір шығыстарсыз) енгізуге міндетті. Көрсетілген өзгерістерді енгізу және Тапсырыс берушіге тапсыру мерзімі Орындаушы Тапсырыс берушінің тиісті тапсырмасын алған күннен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Кепілдік беру жағдайы туындаған кезде Орындаушы мынадай кепілдік іс-шараларын:

- еуразиялық желінің техникалық құжаттамасына және өзге де есептік құжаттарға өзгерістер енгізуді;

- бағдарламалық қамтымға өзгерістер енгізуді (қажет болғанда);

- кеңейтілген бағдарламалық қамтымды қайта орнатуды (қажет болғанда) өтеусіз жүргізуге міндетті.

Орындаушы осы Техникалық тапсырма бойынша қызметтер көрсету шеңберінде, сондай-ақ кепілдік міндеттемелер кезеңі ішінде осы жұмыстарды пайдалануға қолдау көрсетуге, оның ішінде жұмыстардың нәтижелері бойынша анықтамалар, түсіндірмелер, нақтылаулар беруді, сондай-ақ сарапшылардың Еуразиялық экономикалық комиссияның қатысуымен өткізілетін іс-шараларда (семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер) сөз сөйлеуін қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

11. Қосымша талаптар

Еуразиялық желіні құру және оның жұмыс істеуі барысында зияткерлік немесе меншіктің басқа түрлеріне негізделген құқықтар сақталуға тиіс.

Орындаушы осы Техникалық тапсырма бойынша жасаған жұмыстардың нәтижелеріне құқықтар Еуразиялық экономикалық комиссияға тиесілі және Тапсырыс берушінің келісімімен ғана пайдаланылуы мүмкін. Орындаушы қорғаудың орындылығын негіздей отырып, жұмыс процесінде құқықтық қорғауға қабілетті әрбір алынған нәтиже туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге тиіс.

Еуразиялық экономикалық комиссия еуразиялық желінің базалық компоненті мен "өзегінің" құқықтық иеленушісі болып табылады.

Еуразиялық желінің құрылатын "өзегі" (оның ішінде интеграциялық компонент) Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың құқықтарынан тыс беріледі.

Еуразиялық желінің құрылатын базалық компоненті үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос емес нәтижелерді пайдаланған жағдайда, зияткерлік қызмет нәтижесін пайдалануға арналған жай (айрықша емес) лицензия беру туралы шарт бойынша Тапсырыс берушіге беріледі. Базалық компонентте үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос емес нәтижелер пайдаланылған кезде, пайдаланылатын шешімдер Комиссиямен келісілуі, сондай-ақ оны пайдалану кезінде Комиссия тарапынан қосымша шығыстар болмауы тиіс. Бұл ретте жай (айрықша емес) лицензия базалық компонентті шектеусіз пайдалану, дамыту және оған өзгерістер енгізу мүмкіндігін беруге тиіс.

Еуразиялық желінің құрылатын базалық компоненті үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос шешімдердің базалық компонентінде пайдаланылмаған жағдайда үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос Тапсырыс берушіге беріледі.

Еуразиялық желінің базалық компонентін толыққанды жұмыс істейтін ұлттық компонент ретінде қосылу үшін лицензиялық келісім бойынша мүше мемлекетке өтеусіз негізде беру мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс. Ұлттық компоненттерге құқықтарды регламенттеу Комиссия берген лицензиялық келісім шеңберінде мүше мемлекеттердің карауында болады. Мүше мемлекеттердің базалық компонент негізінде құрылатын еуразиялық желінің ұлттық компонентін дамыту және оған өзгерістер енгізу мүмкіндігі болуға тиіс.